

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»
Министерство образования и науки Республики Казахстан
РГКП «Республиканский учебно-методический центр
дополнительного образования»**

**«Жобалар қорғау құралдары арқылы білім алушылардың
әлеуметтік-экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру»**

Әдістемелік нұсқаулар

**«Формирование социально-экологических компетенций
обучающихся средствами проектной деятельности»**

Методические рекомендации

Астана, 2014

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК

**«Жобалар қорғау құралдары арқылы білім алушылардың
әлеуметтік-экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру»
(әдістемелік нұсқаулар) –«Республикалық қосымша білім беру оқу-
әдістемелік орталығы» РМҚК - Астана, 2014 жыл – 82 б.**

Әдістемелік нұсқаулар жобалар қорғау құралдары арқылы білім алушылардың әлеуметтік-экологиялық құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді. Әдістемелік нұсқаулар балаларға қосымша білім беруді ұйымдары мен бейіндік мектептердің оқытушы ұстаздарына арналған.

*ҚР БЖҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік
орталығы РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады
(2014 ж. 19.08. хаттама № 5)*

Рецензент: Каймулдинова Куляш Дуйсенбаевна, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, кафедра меңгерушісі, география ғылымдарының докторы.

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы РМҚК., 2014

Астана, 2014

Мазмұны

Кіріспе	4
Білім беру кеңістігінде қосымша экологиялық білім берудің маңызы .	6
Жобалау қызметі білім алушылардың әлеуметтік-экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру құралы	9
Басты құзыреттіліктерді жобалау технологиясы	13
Экологиялық жобалау әдісі арқылы экологиялық ойлауды қалыптастыру	23
Республикадағы балаларға қосымша білім берудегі әлеуметтік- маңызды экологиялық жобалар	27
Қорытынды	35
1.Қосымша «Мектеп ауласы –менің елім», әлеуметтік – экологиялық жобасының құжаты.	36
2.Қосымша Республикадағы балалардың экологиялық жобаларының тізімі	
Введение	43
Роль дополнительного экологического образования в образовательном пространстве	45
Проектная деятельность как средство формирования экологической компетентности обучающихся	49
Технология проектирования ключевых компетенций	52
Метод экологических проектов как способ формирования экологического мышления	61
Социально-значимые экологические проекты в дополнительном образовании детей.	65
Заключение	73
Приложение 1.Паспорт социально-экологического проекта «Школьный двор – моя страна»	74
Приложение 2.Список детских экологических проектов в республике	
Список используемой и рекомендуемой литературы	81
Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер тізімі	

Кіріспе

Экологиялық мәселелер адамзаттың кең ауқымды мәселесіне айналып, олар бәрінің де және әрбір адамның да мүддесіне әсер етіп отыр. Қазіргі уақытта дүниежүзінің барлық елдерінде қоршаған ортаны бүлдіру арқылы қоғам өзінің болашағын жояды деген түсінік артып келеді. Жедел артып келе жатқан экологиялық дағдарыс экологиялық мәселені кейін шешуге уақыт қалдырмады, және қоршаған орта сұрақтары бойынша экологиялық білім, барлық қоғам мүшелерінің, оның ішінде балалардың да, экологиялық қауіпсіздік пен мемлекеттің тұрақты дамуы тығыз байланысты болғандықтан, шешімдерді қабылдауға кеңінен қатысуы, қазіргі күннің қажетті талабы болып отыр.

Экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамды бөлігі ретінде тұрақты дамудың маңызды жағдайы болып есептеледі.

Осы сұрақтар «Қазақстан-2050» Стратегиясында, Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік Концепциясында, Қазақстан Республикасы дамуының 2050 жылдарға арналған Стратегиялық Жоспарында мемлекеттік деңгейде көрініс тапты.

Білім берудегі жаңарулар «Тұрақты даму мүдделеріндегі білім беру» Европалық стратегия нұсқауларында да көрсетілген, яғни тұрақты даму мүдделеріндегі білім беру адамдар мен қоғамның тұрақты болашақтың игілігі үшін жұмыс жасау қабілетін тәрбиелеуге бейімделеді.

Экологиялық мәселелердің шиеленісу жағдайында және оларды кезек күттірмей шешу қажеттігіне байланысты экологиялық білім беруді дамыту ерекше маңызға ие болып отыр.

Қазіргі жағдайда қорлары шексіз емес қоршаған ортаны қорғау жеке алғанда бір мемлекеттің ісі ғана емес, сондай-ақ дүниежүзілік мәдениетті, экономикалық әділеттілік пен адамның құқығын, табиғатты сыйлауға негізделген жаңа тұрақты ғаламдық қоғамды құру үшін біріккен барлық халықтардың мақсаты болып табылады. Бұл үшін құндылықтар жүйесінде, өмір салты және институттарында күрделі өзгерістер мен әлемдік қауымдастық туындауының этикалық негізі болатын жалпыадамзаттық құндылықтар туралы біртұтас көрінісін жасау керек.

Білім беру сапасын арттыру және оқушыларда негізгі құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды мақсаты бола отырып, білім алуда оқушылардың өз бетімен белсенділік көрсетуі, іскерлігі мен дағдылары, бірінші кезекте зерттеушілігін дамыту болып табылады.

Жай іскерлігі емес, біліктілігін, яғни оқыту мен өмір сүру арасындағы байланыс, өзара түсіністік қағидасын іске асыру, тәжірибемен байланысты практикалық іс-әрекетінде қолдана алу іскерлігі, танымдық қызығушылығын дамытуды қалыптастыру.

Қазіргі заманның мектеп түлектерінің үлгісі өз бетімен және белсенді іс-әрекет жасауға, дер кезінде шешім қабылдауға, өзгермелі жағдайларға икемді бейімделуге қабілетті болуы тиіс.

Балаларда табиғатқа жауапкершілікпен қарау қарым-қатынасын қалыптастыру – қиын әрі ұзақ әлеуметтік –педагогикалық үрдіс.

Тек экологиялық білім ғана қоршаған ортада үйлесімді өмір сүруге негізделген жаңа жағдай жасайды. Экологиялық білімділік икемді, ұштастырылған оқытудың әртүрлі жолдарын ықпалдастыққа, пәнаралыққа және мәселеге негіздеу талаптарын алға қояды.

Экологиялық білім мен іскерлікті меңгеру арқылы өскелең ұрпақ Қазақстан Республикасының дамуы мен өркендеуіне, дүниежүзінде беделінің артуына өз үлестерін қосуға дайындайды.

Тұрақты даму мүддесіндегі білім берудің тәжірибелік қажеттілігі оқытудың дәстүрлі түрлерін өзгертуге әкеледі. Ерекше тиімді әдістерге оқушыларды тәжірибелік-бағыттау мен шығармашылықтың түрлері, сонымен бірге оқытудың проблемалық және зерттеушілік әдістерін жатқызуға болады. Осыған байланысты қазіргі білім беру талаптарына сай экологиялық білім және тәрбие берудің әдістерін іздестіру маңызды орын алып қайшылықтар шешілуі тиіс деп есептеледі.

Экологиялық дағдарысты тек қана инновациялық технология емес сонымен бірге жаңа типтегі ойлау қабілетті қалыптастыру арқылы жеңуге болады. Бұл қоршаған орта сапасын жақсарту мақсатында әлеуметтік-экологиялық мәселелерді шешуге жеке тұлғаның қатысуы дәлелді түрткісіз мүмкін емес.

Сондықтан оқушыларға үздіксіз экологиялық білім беруге арналған оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жасақтау және жетілдіру бірінші кезектегі міндеттердің бірі болып саналады.

Берілген әдістемелік нұсқаулықтарда жобалау жұмыстары әдісінің білім алушылардың әлеуметтік-экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру тәсілдері ретінде қолданудың теориялық негізі қарастырылған.

Жұмыста «құзыретті» және «құзыреттілік» ұғымдарының әртүрлі түсіндірмелеріне қысқаша талдау беріліп, берілген мәселеге байланысты әдебиеттерге талдау негізінде жобалау жұмыстарының мазмұны мен жасақталуына қойылатын талаптары көрсетілген.

Білім алушылардың экологиялық құзыреттілігін жобалау арқылы және балаларға қосымша білім беретін мекемелердің педагогикалық ұжымдарының іс-тәжірибесіне сүйене отырып жүзеге асыруға болады

Әдістемелік нұсқаулар қосымша білім беру педагогінің өскелең ұрпақта белсенді өмір сүру және азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, отансүйгіштік санасын тәрбиелеуге, білім алушылардың зерттеушілік және ғылыми ойлау қабілетін дамытуға, республикадағы қосымша білім беру ұйымдарындағы балалар бірлестіктерінің әлеуметтік экологиялық пайдалы жұмыстарының белсенділігін арттыруға көмектеседі.

Білім беру кеңістігіндегі қосымша экологиялық білім берудің маңызы

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезеңінде, барлық қоғамдық қатынастар жүйесін қайта бағалаудың жүруі, білім беру жүйесінің де байыпты өзгерістерге ұшырауына әкелді. Біздің кезеңіміздің сипатының бір ерекшелігі білім берудегі инновациялық үрдістердің белсенділігі болып табылады.

Білім беру парадигмаларының ауысуы байқалады яғни жаңа мазмұндар, басқа да тәсілдемелер, құқық, қарым-қатынас, мінез-құлық, басқа да педагогикалық менталитет ұсынылады.

Жалпы білім беру жүйесі ретінде инновациялық жаңа енгізулер қосымша білім беру жүйесіне де әсерін тигізді. Қосымша білім беру мектепте білім берудің толыққанды серіктесі, жалпы білім беру жүйесінің бір бөлігі бола отырып, жеке тұлғаның және оның ерте кәсіби бағдарлауын дамытуды қамтамасыз ететін қажетті бөлігі ретінде саналады.

Қазіргі күні Қазақстанда қалыптасқан қосымша білім беру жүйесі дүниежүзі көлемінде бірегей жүйе болып есептеледі. Оның қоғамда болып жатқан өзгерістерге бейімделуі жоғары деңгейде, балалардың жеке білім алуына және басқа қажеттілігіне тез көңіл аударады, ал ең бастысы кесімді уақытпен шектелген, қалыпқа негізделген мектептік білімнен гөрі оқыту мен тәрбиелеу бағытын, бағдарламаны еркін таңдауды ұсынады.

Экологиялық қосымша білім беру үздіксіз білім беру жүйесінің бір бөлігі бола отырып, балалардың рухани, парасат, ой-өрісі және физикалық дамуына қосымша мүмкіндік беретін, экология-биологиялық пәндері бойынша білім алу және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Бұл еркін таңдауға бағытталған және қосымша білім беру бағдарламаларын игеруге балалар мен жаәспірімдерді тәрбиелеуді оқыту жүйесінің құрамды бөлігі.

Экология-биологиялық қосымша білім беру, оқушыларға жаңа арнайы білімді игеруіне, жеке қабілеттерінің және өзін-өзі қалыптастыруды дамытуға, жалпы экологиялық мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

Жастарды мамандыққа бағыттаумен бірге шешуге тиісті мәселеге ғылыми, шығармашылықпен қарауға ықпал етеді. Адамзаттық және әлеумет-мәдени міндеттерді шешудегі биологияның артып отырған маңызына байланысты, әлеуметтік тәрбие және балалар мен жастарды қоғамдық пайдалы еңбекке тартуға мән беріледі.

Балаларға қосымша білім берудің құндылығы сол, жалпы білім берудің түрлі нұсқадағы құрамдастығын арттырады, білім алушылардың білімі мен дағдысын іске асыруға, танымдық белсенділігіне түрткі болып ынталандырады.

Ең бастысы-қосымша білім беру жағдайында білім алушылар өздерінің әлеуетін, күш-қуатын, қабілеттерін дамыта алады, қазіргі

қоғамға бейімделіп және бос уақыттарын толыққанды ұйымдастыруға мүмкіндік алады. Қосымша білім берудің мақсаты – баланың ішкі күштерін ояту және оларды жеке тұлға ретінде толығырақ дамытуға пайдалану.

Ынтымақтастық педагогикасы балаларға деген адамгершілік қатынасты ұсынады, яғни оған жататындар:

- Педагогтің бала тағдырына қызығушылық танытуы;
- Ынтымақтастық, қарым-қатынас: жеке тұлғаны жәбірлейтін қыспақ, жазалау, бағалау, тыйым салудың болмауы;
- әр балаға бірегей тұлға ретінде қарау; («Әр бала –ғажап»)
- балалардың міндеттеріне шыдамдылық таныту, балаға және оның күшіне сену («барлық балалар дарынды»).

Ынтымақтастық педагогикасы балалардың қосымша білім беру жүйесінде қарым-қатынасты демократияландырусыз (барлығы мәселені бірге шешуге қатысады) мүмкін емес, себебі оның бекіткен қағидалары:

- бала, өзінің еркімен жұмыс бағытын, оқыту мерзімін, оқыту материалының көлемі мен қиындық деңгейін, педагогті таңдауға құқылы т.б;
- оқыту үрдісінде әр қатысушының өз көзқарасын білдіруге құқылы;
- табысқа жағдай жасау, мақұлдау, қолдау, ақкөңілділік («оқу қуаныш әкеледі»);
- педагог пен балалардың арасындағы қарым-қатынастың бейресми стильде болуы;

Балаларға қосымша білім берудің оқыту ерешелігінде әрбір білім алушының дамуына бағытталған жеке тұлғалық – бағдарлауға оқытуды дамыту, жалпыадамзаттық құндылықтардың негізінде ата-аналармен педагогтердің, балалардың арасындағы адамгершілік қарым-қатынасты қалыптастыру парадигмасы қарастырылған.

Оның мәні баланы тәсіл деп қарамай, білімнің мақсаты деп қарау, яғни оны оқыту, тәрбиелеу және дамыту субъектісіне айналдыру.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінің басым сапасы, бір ерекшелігі болып табылатын инновациялық қызметке педагогтерді қатыстыру қосымша білім беру жүйесінің жаңаруының басты үрдістері болып есептеледі.

Қосымша білім беру ұйымдарының инновациялық стратегиясында педагогтің ролі барлық өзгерістерге қатынасушы ретінде байыпты артады.

Қосымша білім беру педагогінің инновациялық қызметі жеке педагогикалық жүйенің құрамында міндетті түрде болады. Бұл педагогтің кәсіби еңбегін қайта бағалауға, дәстүрлі орындаушы қызметінен, қоғамдағы сұранысқа сай және жеке тұлғаның өзін жетілдіруге жағдай туғызатын проблемалық-ізденіс, рефлексивті-талдаулық қызметіне ауысуына әкеледі.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогикалық ұжымының жаңа педагогикалық білімге, қосымша білім беру

педагогтерінің білім беру және әлеуметтік қызметтерінің өзгерістеріне деген қажеттілігі артып келеді.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының инновациялық қызметінің бағыттары:

- білім беру мазмұнын жетілдіру;
- қазіргі педагогикалық технологияларды зерттеу және тәжірибеге енгізу;
- дарынды балалармен жұмыс жүйесін құру;
- басқару жүйесін жетілдіру;
- оқыту үрдісін ақпараттандыру.

Инновациялық оқыту үрдісіндегі педагогикалық қызмет мазмұны дәстүрліге қарағанда елеулі айырмашылығы болады.

Біріншіден, қызметтің мазмұны мен технологиясын дайындау барысында қызметі анағұрлым қиындайды, себебі оның технологиялық негізі тез дамып келеді. Бұл педагогтен арнайы дағдылардың, жұмыс тәсілдерінің дамуын талап етеді. Қазіргі ақпараттық технологиялар қызметтің сапасына және оның өнімдеріне қосымша талаптар қойып отыр.

Екіншіден, қазіргі педагогикалық үрдістің бір ерекшелігі бұл дәстүрлі білім беруде педагог басты тұлға бола отырып, басты назарды балаға яғни оның белсенділігіне, таңдауына, креативтігіне аударылады. Қосымша білім педагогінің басты қызметі баланың еңбегіне қолдау көрсете білу, оның әлемде табысты алға жүруіне ықпал жасау, пайда болған кедергілерді шешуді жеңілдету, әр түрлі ақпаратты игеруге көмектесу.

Үшіншіден, педагог пен баланың тиімді танымдық материалды ұсынуы мен тәжірибе алмасу тәсілдері қарқынды, қазіргі қосымша білімнен субъектілер арасында анағұрлым белсенділік пен қызықты қарым-қатынас болуды талап етеді, ал оқытудың дәстүрлі түрінде, педагог барлық баламен жалпылама байланыста болып, жеке баламен жұмысы әлсіз болды. Сонымен қосымша білімнің инновациялық қызметінің қажетті алғышарты: педагогтің беталысы, күш-қуаты мен жаңалыққа сезімталдығы, ашықтығы болып есептеледі.

Экология-биологиялық бағыты бойынша қосымша білім беру саласындағы инновацияның болашақ көзі бұл:

- кәсіби бағдарлау жұмысының тиімділігін көтеру, білім беру үрдістерінің сапасын көтеру және қосымша қорларды тарту тәсілі мен шарты ретінде басқа ұйымдармен бірлескен жобалар мен әлеуметтік серіктестіктер;

- білім алуға қолжетімділігін арттыру тәсілі ретінде аймақ аралық және халықаралық жобаларды дамыту, балалардың шығармашылыққа қызығушылығын ояту мақсатында өз қызметінің нәтижесі үшін мақтаныш және отансүйгіштік сезімін ояту;

- командалық жұмыс бірлесіп еңбек етудің тәсілі ретінде, ұжымда жұмыс жасай алуы, білім алушылардың әлеуметтенуі;

- білімнің қол жетімділігін арттырудың бірден бір жолы ретінде телекоммуникационалдық жобаларды және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды дамыту, білім алушылардың сандық мәдениетін және білім беру бағдарламаларының компьютерлік технологиялармен қамтамасыз етілуінің қазіргі деңгейін дамыту;

- әр деңгейдегі білім беру бағдарламаларының сабақтастығы, білім алушылардың бастапқы және кәсібиалды дайыдығына дейін үздіксіз оқыту кезеңін жасау;

- спорт, әлеуметтік қызметтегі, өнер, ғылым салаларындағы жаңа бағыттарды ескере отырып білім беру мазмұнын жаңарту;

- білім беру үрдісінің жаңа ,ерекше формаларын қолдану;

- қосымша білім беруді дамытудың барлық бағыттары бойынша мамандандырылған интернет-портал негізіне сүйене отырып, қосымша білім берудің кешенді ақпараттық жүйесін дамыту;

- дәстүрлі түрде қолданылмаған, жобалық-зерттеу қызметі, ойын технологиясы, жеке тұлғалық-бағдарлау ықпалы және т.б. шеңберінде бағытталған; біріктірілген білім беру технологияларын дамыту;

- социумдағы білім алушылардың шығармашылық, жобалық және зерттеу жұмыстарының әлеуметтік сұранысқа ие болатын тақырыптарын анықтау және сараптау, қосымша білім берудің оқу бағдарламаларының тақырыбына енгізу;

-білім алушылардың қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі мамандықтардың психологиялық биоөрісін жүйелі пайдалану;

- білім алушылардың түрткісін арттыру үшін әртүрлі мамандықтардың (романтикалық, ерлік және т.б.) психологиялық биоөрісін жүйелі пайдалану;

Экология-биологиялық білімнің мазмұны «ноосфералық ойлау» натуралистік дәстүрлерді сақтай отырып, тұрақты даму тұжырымдамаларына елеулі әсер етеді. Бұл тұжырымдамалық бағыттар-қосымша білім берудегі экология-биологиялық бағытының инновациялық күш қуатының негізі.

Жобалау қызметі білім алушылардың әлеуметтік-экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру құралы

Отандық педагогикада білім беру модернизациясында құзыреттілік ықпалы білім берудің нәтижелік-мақсаттық негізі ретінде бекітіледі. Білім берудегі құзыреттілік ықпал дегеніміз түлектің дайындығының белгісі ретінде лайықты құзырлықты көрсету нәтижесінің қалыптасуымен түсіндіріледі.

Соңғы уақытта «құзырет» және «құзыреттілік» терминдері оқыту мен тәрбиелеуге арналған зерттеулерде кеңінен қолданылады.

Құзырет- практикалық тәжірибенің негізінде сәтті жұмыс жасауда білімін, дағдысын қолдану қабілетілігі.

Құзыреттілік- құзыреттердің жинағы; тиімді қызмет жасау үшін, қажетті білім мен іс-тәжірибенің болуы.

Құзырет- баланың өмірде өз орнын табуға, өзін-өзі жетілдіруге ықпал ететін білім, дағды, білімділіктің болу тәсілі.

Әлеуметтік-экологиялық білім беру- экологиялық құзыреттің қалыптасу ортасы. **Экологиялық құзыреттілік** – экологиялық білім мен табиғи мінез-құлық негіздерінің жиынтығы жобалау қызметі арқылы қалыптастырылады. Нысан – әлеуметтік табиғи жүйелер (мысалы, қалалық орта).

Білім алушылардың негізгі құзыреттілігін қалыптастыруда ең тиімді жолы жобалық зерттеу қызметі болып табылады, сондай-ақ, танымдық міндеттерді шешіп қана қоймай, білім алушыларды қазіргі өмірдің негізгі мәселелеріне бағдарлайды, олардың болашақ өмірінде сәтті қызметті қамтамасыз етуші коммуникативті сапаларды қалыптастырады.

Қазір білім беру саласында білім беру сапасын бағалауда әрбір білім алушының даму өзгерістерін есепке алатын жаңа критерийлер алға тартуда. Бұл қоғамдағы қарқынды өзгерістерге байланысты яғни мемлекет, технологиялар, өмір сүру жағдайы өзгеруде, жаңа өнімдер мен қажеттіліктер пайда болуда, жұмыстың формасы өзгеруде. Шектеулі уақыт ішінде ерекше өнім жасай алатын немесе қызмет көрсете білетін, басқаша жұмыс жасауды және жұмыстың жаңа әдістерін меңгерген, түйінді мәселеден бірегей шығу жолын ұсынатын, яғни белгілі бір құзыреттілігін жүзеге асыратын адамдарды ең табысты деп атауға болады.

Ғылым және өндірістегі пайда болған мәселені шұғыл шешу қажеттігіне байланысты, түйінді мәселені шешудің технологиясы ретінде жобалау-зерттеушілік жұмыстардың кең таралуына әкелді. Осы бетбұрысқа сай, екінші ұрпақтың қалпында (стандарт) оқытудың жоспарланған нәтижелерінің жаңа түрі қалыптастырылған, зерттеу жүргізу және ғылыми болжамды тексеру болып есептеледі. Табысты және құзіретті мамандарды табуға болатыны түсінікті, тек оларды мектептен бастап қалыптастыруы тиіс. Нәтижесінде оқушылардың зерттеушілік және жобалау қызметі қазіргі заманның білім беруіндегі маңызды бір түрі болады.

Жобалау зерттеушілік қызмет оқушыларда әржақты білімнің біртұтас жүйесін, ептілігін, дағдысын, сонымен бірге өз бетінше жұмыс жасау тәжірибесі мен жауапкершілігін қалыптастырып, қазіргі заманның білім сапасын қамтамасыз етеді.

Оқушылардың зерттеушілік және жобалау қызметі білім берудің ең маңызды мақсаттарының біріне жетудің нәтижелі тәсілі болуы: балаларды өз бетінше ойлауға, түйінді мәселе қойып және оны шешуге, әр саладан алған білімін пайдалана отырып, нәтижелерді түрлі нұсқада болжай алуы, жаңа мектеп міндетін шеше алады.

Балаларды ерте жастан бастап ғылыми-зерттеушілік және іздену жұмыстарына тарту арқылы анағұрлым толығырақ, зиялылық және шығармашылық қабілеттерін анықтауға және дамытуға болады.

Білім алушылардың жобалау және зерттеушілік жұмыстары қазіргі заман талабына сай білім беруді жаңғыртудың бөлінбес бір бағыты, кәсіптік мектеп тұжырымдамасының дамуы.

Зерттеу және жобалау қызметі.

Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастыруда ғылыми негізде сауатты болуы тәсілін және ұйымдастыру-басқару, оқу-әдістемелік, мамандармен қамтамасыз ету, ұйымдық-әдістемелік, ақпараттық, дидактикалық, психология-педогогикалық міндеттерді кешенді шешуді талап етеді. Осы міндеттер кез-келген білім беру ұйымдарында ұйым басшысымен бірге тілектес педагогтер тобынан құрылған бастамашыл топ болған жағдайда, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырушы және осы істі дамытатын ғылыми жетекші немесе ғылым мекемесі тарапынан маман арқылы шешіледі. Осы педагогтерге белгілі бір деңгейде ғылыми-әдістемелік дайындық, жобалау технологиясы мен зерттеу әдістерін меңгеруі керек.

Білім алушылардың зерттеушілік жұмысы - білім алушылардың шығармашылық, зерттеу мақсатын алдын-ала белгісіз шешіммен (тәжірибеден өзгеше, табиғаттың сол немесе өзге заңдарының сурет, сипаты үшін қызмет ететін) және ғылыми шеңберде зерттеу сипаты, ғылымдағы дәстүрлі қабылданған қағидалар: түйінді мәселелерді қою, осы мәселеге арналған ілімді зерделеу, зерттеу әдістемесін таңдап оны тәжірибеде игеру, меншікті материалдар жинау, оны талдау және жинақтау, ғылыми түсініктеме, меншікті тұжырымдар жасау болып табылады. Кез-келген зерттеу, жаратылыстану немесе гуманитарлық ғылым саласы болса да осы орындалады, осындай құрылым болады. Осындай қатар, зерттеу қызметінің құрамдас, ажырамайтын бөлігі, оның жүргізілуінің шамасы болып табылады.

Білім алушылардың жобалау қызметі - білім алушылардың бірлескен оқу-танымдық, шығармашылық немесе ойын қызметі, ортақ мақсат, келісімді әдістер, нәтиже табысына бағытталған ортақ қызметтің әдістері болып есептеледі. Жобалау қызметінің міндетті шартына жобалау бөлімдерінің алдын-ала жасалған соңғы өнімі туралы ұйғарымы болуы (тұжырымдама дайындау, қызмет қорына қолжетімді және үйлесімді болатын мақсаттары мен міндеттерін анықтау, жоспар, бағдарлама жасау және жобаны жүзеге асыруды ұйымдастыру), жобаны жүзеге асыруда оны санамен түсіну мен қызмет нәтижесін бағалау және жобалау қызметін қорғауға назар аудару кіреді.

Жобалау-зерттеушілік қызмет дегеніміз қажетті қорларды анықтауды, зерттеудің жүзеге асырылуын бағалауды, күтілетін нәтижелерді анықтауды, зерттеу барысын жоспарлауды, әдістерді саралау қағидаттарын бөлуді, мақсат пен міндеттерін бөліп шығаруды болжайтын өзінің зерттеуін жобалау бойынша қызмет. Бұл зерттеудің ұйымдастырылған шегі болып табылады. Зерттеу қызметіне қатысушылардың толерантты шекарасының кеңеюі негізгі нәтижесі болып саналады.

Оқушылардың жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы шығармашылық жұмыстарды топтастыру.

Республикалық конференциялар мен байқауларға ұсынылған жұмыстарды талдау жасау арқылы, олар келесі топтарға бөледі:

Мәселелі- реферативті- әртүрлі әдеби түпнұсқалардағы мәліметтер негізінде жазылған, оларда берілген мәліметтерді салыстыру арқылы, түйінді мәселенің меншікті түсіндірмесін жасақтайтын шығармашылық жұмыстар.

Эксперименталді - бұл ғылымда көрсетілген белгілі бір нәтижесі бар және экспериментті орындау негізінде жазылған шығармашылық жұмыстар. Бұл жұмыстар бастапқы жағдайдағы өзгерістерге тәуелді нәтижеден ерекшеленетін өзіндік түсіндірмені болжайтын иллюстративті сипаттама түрінде болады.

Натуралистік және сипаттамалы - қандай да бір құбылысты бақылау және сапалы сипаттамасына бағытталған шығармашылық жұмыстар. Ғылыми жаңалықтың элементі де болуы мүмкін. Ерекше өзгешелігі бұл зерттеуде түзету әдістерінің болмауында. Натуралистік жұмыстың бір түрі бұл қоғамдық-экологиялық бағыттағы жұмыстар. Соңғы уақытта "экология" деген терминнің тағы бір лексикалық

мағынасы яғни қоршаған ортаны антропогендік ластануға қарсы күреске бағытталған қоғамдық қозғалыс деген мағынаны пайда болды.

Зерттеушілік- нақты ғылыми көзқарастар әдістемесі көмегімен орындалған шығармашылық жұмыстар, және бұған осы әдістеме бойынша жеке эксперименталды материалдар кіреді. Мұндай жұмыстардың бір ерекшелігі алдын ала нақты нәтиженің болмауында жатыр.

Басты құзыреттіліктерді жобалау технологиясы

Балалардың өз бетімен жұмыс істеуі, жұмысқа шығармашылықпен қарауы, бүкіл өмір бойы үйрену дағдыларын дамыту жобалау әдісіне жүктеледі. Жобалау әдісі жобалық оқыту технологиясының негізін құрайды, оның мәні білім алушылардың өз бетімен оқу материалын игеруі және нақты өнімді жасақтауы арқасында өзін іске асыру жағдайын басынан өткеруі. Жоба мектептік білім және өмір арасындағы қарма-қайшылықтарды жеңе білуде және оқыту мен ғылыми-зерттеушілік жұмыстардың арасында байланыс орнатушы бөлігі болып есептеледі. Осы жағдайда білім алушыларға қазіргі жағдайда қажетті білімді өз бетімен игеруі, осы үрдісті белсенділігін және жеке басы маңыздылығын арттырады.

Жобалық әдіс уақыт талабына сай, мемлекет пен ата-аналар қоғамының әлеуметтік тапсырысына білім беру жүйесінің жауабы ретінде кіреді. Жобалау әдісі - оқу үдерісінің құрама бөлігі бола отырып қазіргі оқытудың интерактивті әдістерінің бірі болып табылады.

Оқушылардың өз бетінше жобалық және зерттеу қызметін игеруі білім берудің барлық сатыларында мақсатқа бағытталған жүйелі жұмыс түрінде болуы керек.

Жұмыстың басты нәтижесі –құзырлылық деңгейде жобалық және зерттеу технологиясын меңгерген жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеу.

Білім алушылардың өз бетімен шығармашылық жобалау және зерттеушілік қызметімен айналысуға жағдай туғызу үшін:

- дайындық жұмысын жүргізу. Оқушылар мен педагогтерге артық уақыт жұмсамау үшін оқу мерзімінің қорын қарастыру қажет;

- білім алушылардың жобалау немесе зерттеу жұмыстарына ынталылығын арттыру-себебі, оларды болашақта практикалық және әлеуметтік пайдаалуға болады, жеке қызмет және шығармашылық белсенділік үшін нақты күш педагогикалық сауатты түрде жобаға немесе зерттеуге қызықтыра отырып мәселеге ынталандыру.

Білім алушылар игеруі керек:

- жобалау мен зерттеудің маңызды саласы бойынша қажетті білім, ептілік және дағдыларды;

- арнайы ептілік және дағдыларды, жобалық және зерттеу қызметі элементтерін:

- ойлау әрекеттіліктігі: ойды ұсыну(миға шабуыл), түйінді мәселені, мақсатты жобалау және міндетті тұжырымдау, ғылыми жорамалды ұсыну,сұрақтың қою (ғылыми жорамалды іздеу), ғылыми жорамалды тұжырымдау,қызмет етудегі тәсілдер мен әдістерді тиянақты таңдау,өзінің қызметін жоспарлау, өзіндік талдау және рефлексия;

-тұсаукесерлік: атқарылған жұмыс туралы ауызекі баяндама (хабарламалар), құру жұмыс нәтижесінің (өнім) көрнекі таныстырылымының тәсілдері мен түрлерін таңдау, көрнекілік заттарды жасау, жасалған жұмыстың жазбаша есебін дайындау;

- коммуникативтік: басқаларды тыңдау және түсіну, өзін көрсету, келісім табу, ымыраға келу, топ ішінде өзара байланыс жасау, келісім табу;

- ізденушілік: тізім бойынша ақпарат табу, интернеттен тақырыпқа сай іздеу

- (мәтінді іздеу), басты сөздерді тұжырымдамалау;

- ақпараттық: ақпаратты құру, ең бастысын белгілеу, ақпаратты қабылдау және тарату, әртүрлі түрде ұсыну, ретімен сақтау және іздеу;

- ұйымдастырушылық және эксперименталді: жұмыс орнын ұйымдастыру, қажетті жабдықтарды таңдау және материалдарды дайындау,меншікті экспериментті жасау, эксперименттің жүрісін қадағалау, шамаларды өлшеу, алынған нәтижені түсіну.

Әр жоба немесе зерттеуде болуы қажетті: материалдық-техникалық және оқу әдістемелік жабдықталуы, мамандармен қамтылуы (қосымша қатысушылар,мамандар) ақпараттық және ақпараттық-технологиялық қорларды ұйымдастыруды қамсыздандыру.

Жобалау қызметінде білім алушылардың жетістіктерін бағалау.

Білім алушылардың жобалау немесе зерттеулердегі жетістіктерінің маңызды бағасы болып қоғамның пікірі болып табылады. Қол жеткен кез келген нәтижелер деңгейі жақсы бағаға лайықты.Жобалау және зерттеу қызметіндегі ептілік пен дағдылардың қалыптасу деңгейін бағалау білім алушыны құзіреттілікке сай қалыптастыруда еңбек еткен педагогикалық қызметкерге өтемаңызды.

Мына нәтижелер бағаланады:

-жоба бойынша орындалған жұмыстың әр түрлі кезеңіндегі дербес деңгейі;

-топ ішінде жұмыс жасау деңгейі және берілген рөлінің орындалу айқындығы;

-пән бойынша білім, ептілігі, дағдылардың тәжірибеде пайдалануы;

-жобаны орындауда пайдаланылған жаңа ақпараттардың саны; пайдаланылған ақпаратты түсіну дәрежесі;

-күрделілік деңгейі және пайдаланған әдістемелерді меңгеру деңгейі;

-мәселені шешудегі ойдың ерекшелігі;

-зерттеудің немесе жобаның мақсатын қалыптастыру және жоба мәселелерін талқылау;

-тұсаукердің ұйымдастырылуы мен өткізу деңгейі: ауызекі хабарлама, жазбаша есеп беру, көрнекілік нысандарымен қамтамасыз ету;

-рефлексияны меңгеру;

-тұсаукесердің көрнекілік нысандарын дайындаудағы шығармашылық ықпал;

-алынған нәтижелердің әлеуметтік және қолданбалы мағынасы.

Зерттеу жобаларына қойылатын талаптар:

1. Зерттеу жоба бұл білім алушының білімін және нақты практикалық міндеттерді шешуде қолдана алу ептілігін көрсететін өз бетінше жүргізген зерттеу жұмысы. Жұмыс логикалық аяқталған сипатта болып, білім алушының арнайы терминдерді сауатты пайдалану қабілетін, өз ойын анық айта алуын, ұсыныстарды дәлелдеу алуын көрсетуі тиіс.

2. Жобамен жұмыс жасаудың міндеттері: өз бетінше зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту және оларды өзекті практикалық міндеттерді шешуге қолдану; отандық және шетелдік ғылымында теориялық ықпал бойынша жасалған зерттеулерге талдау жүргізу; таңдалған мәселе бойынша өз бетінше зерттеу жүргізу; зерттеу барысында алынған деректерді жүйелеу және талдау; жобаның тұсаукесері және қорғау;

3. Зерттеу жобаларын қорғау: жасалған жұмыстарды талдау, бақылау, эксперименттер, әдебиеттер қорына талдау және өз бетінше игеруді жорамалдайтын білімнің осы немесе басқа саласындағы (ғылыми бағыттағы) негізгі мақсатты қызметтің теориялық және практикалық сипаттағы көрсетілімі.

4. Оқу зерттеу жобаларына қойылатын негізгі талаптар:

1) біріктірілген білімді, оны шешудің зерттеу ізденістерін талап ететін, зерттеудің шығармашылық тұрғыдағы мәселенің міндеттерінің маңызды болуы;

2) болжамды нәтиженің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы;

3) жобаның авторларының, білім алушының дербес(жеке, топтық) қызметі;

4) жобаның мазмұнды бөлігінің (нәтижені кезеңмен көрсету) құрылымдығы;

5) зерттеуді жүргізу барысында белгілі әрекеттердің тізбектілігін сақтау: мәселені анықтау және одан туындаған зерттеу мақсаты; жорамалды ұсыну; таңдау және зерттеу әдісін сипаттау; ақырғы нәтижені (таныстырылымның, қорғаудың, шығармашылық есеп берулердің және т.т.) рәсімдеу тәсілін таңдау; бақылау мен эксперименттер жүргізу, алынған деректерді жинау, жүйелеу және талдау; қорытындылау, нәтижені рәсімдеу, тұсаукесері, тұжырымдары, зерттеудің жаңа мәселесін ұсыну.

Білім беру ұйымдарында жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының біріктірілген бағдарламалар аясында зерттеу қызметін қосуды ұсынады. Сонымен бірге зерттеу қызметі мыналарға қосылу керек: базистік оқу жоспарына (инварианттық құрамы- негізгі пәндер бойынша мемлекеттік бағдарлама аясындағы жобалық зерттеу элементтері, технологиялары) кіретін курстар; мектеп кешеніндегі сағаттарына (ғылыми зерттеудің тарихы және әдістемелік бойынша курстар), қосымша білім беру блогына (бөлек тақырыптық бағыттар бойынша топтық теориялық және практикалық сабақтар, орындалған зерттеулер тақырыбы бойынша кеңестер және жеке сабақтар), теориялық және практикалық дайындық жүйесіне, демалыс уақытында өткізілген іс-шаралар кезіндегі дербес зерттеулерге (экскурсиялар мен экспедициялар).

Зерттеу жұмыстарының технологиясы негізінде жалпы білім беру орта мектептер базасындағыдай сондай ақ, жоғары кәсіптік білім беру және қосымша білім беру ұйымдары бірлестігіндей бейінді мектеп моделі жүзеге асырылуы мүмкін.

Білім алушылардың жобалық-зерттеу қызметі қосымша білім беруге қатысты екі белгісінің болуына байланысты қосымша білім берудің технологиясы болып табылады:

- білім алушылардың қабілеті мен қызығушылығына, орындалушы міндеттің ерекшелігіне сай келетін қосымша білім берудің оқу және білім беру бағдарламалары;

- педагог пен оқушының жеке жұмыс формаларының болуы – топтық және жеке оқу сағаттары, консультациялар, семинарлар, конференциялар.

Қазақстанда оқушыларымен зерттеу жұмыстарын жүргізу дәстүрі мен мәдениеті бар тұрақты ұйымдардың (бұл мектептер, қосымша білім беру ұйымдары, оқушылардың ғылыми қоғамы, ғылым академиясы, ғылыми ұйымдарындағы балалар бірлестігі және т.б.) шеңбері қалыптасты.

Жыл сайын олар түрлі конференцияларда әр түрлі балалардың жұмыстарын ұсынады, ұстаздары ауысқанымен «қолтаңба» өзгермейді. Олар үшін арнайы **жобалық-зерттеу мектептері** термині енгізіледі, олар білім алушылардың зерттеу қызметінің іс жүзіндегі субъектілері болып табылады.

Жобалық- зерттеу мектептерімен жұмыс жасау бағыты инновациялық жүйені құрайды, онда білім беру жүйесінде білім алушылардың зерттеу жұмыстарының техникалық моделін яғни оларды қызықтыру және бірлесе әрекет жасауды сақтау ретінде енгізіледі.

Білім беру үрдісінің әрбір қатысушылары үшін білім алушылардың берілген қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруда өзінің екінін өзекті етіп қоюы керек.

Сонымен қатар білім беру ұйымының басшысы келесі мәселелерді түсінуі маңызды:

Дәстүрлі оқыту әдісімен бірге жобалық және зерттеу қызметі білім алушыларға не ұсына алады?

Білім үрдісінде ұстаз бен оқушының рөлі қалай өзгереді?

Ұстаздарды білім алушылардың жұмысына жетекшілік етуге қалай үйрету керек?

Зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру сұрақтары бойынша кеңес алуға ғылым саласынан ғалымдар мен мамандарды қосым білім беру ұйымдарына қалай тартуға болады?

Білім беру ұйымдарында білім үрдісін ұйымдастыру қалай өзгереді?

Жобалық және зерттеу қызметіндегі білім алушы жұмысының жетістігі қалай бағаланады?

Қосымша білім беру ұйымдарында зерттеу қызметін дамыту бойынша ұйымның жұмыс жоспары бағдарламасын қалай әзірлеу және оны жүзеге асыру үшін ресурстарды қайдан тарту керек?

Оқыту кезеңінің соңында бір немесе бірнеше жобалар мен зерттеулерді жүзеге асыру нәтижесінде білім алушының дамуы мен тәрбиесінде қандай өзгерістер орын алуы мүмкін?

Директор орынбасары мына сұрақтарды шешуді анықтап қарауы қажет:

Жобада немесе зерттеуде керекті ресурстарды қолдану үшін сабақ кестесін қалай құру қажет (ақпараттық, материалды- техникалық, аудиториялық, кадрлық)?

Оқу жобасын немесе зерттеу жұмыстарын орындау кезінде пәндік курстардың тақырыптық жоспарын қалай үйлестіру қажет?

Жобаны не зерттеу жұмыстарын орындауда оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын қалыптастыру мониторингін қалай ұйымдастыру қажет?

Қосымша білім беретін ұйымдарының, балалар бірлестерінің ерекшелігіне, оқу үрдісінің міндеттеріне сай зерттеу және жобаларын қалай таңдап алу қажет?

-Жобаны не зерттеу жұмыстарын орындау кезінде оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруды қалай ұйымдастыру қажет?

-Жобалық не зерттеу қызметінде іскерлік пен дағдының бірізділігін қалыптастыруда , бір оқушының жоба не зерттеу жұмысының топтамасын қалай құру қажет?

Қосымша білім педагогі білуі керек:

Білім алушылардың жобалау және зерттеушілік жұмыстарын қарастыратын курстардың оқу-тақырыптық жоспарын қалай құру керек?

Білім алушыларды оқу үстінде жобалау немесе зерттеу жұмысына қалай дайындау керек?

Балалар бірлестіктерінің, қосымша білім беру ұйымдарының ерекшеліктеріне және қамтамасыздырылған жағдайына қарай оқу жобасын немесе зерттеуді қалай бейімдеу керек?

Жобаны немесе зерттеуді қалай әзірлеу керек?

Оқу жобасын немесе зерттеудің орындалу нәтижесіне қарай педагогикалық міндеттердің орындалуын қалай бағалау керек?

Оқу жобасын немесе зерттеуді қалай жүзеге асыру керек. Білім беру қызметінің қандай түрлерін қолдану керек?

Жобалық зерттеушілік қызметі бойынша туындаған сұрақтар бойынша кіммен ақылдасу керек?

Осы мәселе бойынша теориялық және әдістемелік, ақпараттық сайттардағы мақалалардың, сондай-ақ, тақырыпқа сай біліктілікті арттыру жүйесінде білім алушылардың зерттеушілік және жобалық қызметі бойынша қосымша білім беру педагогтерді модульдік және курстық дайындау мүмкіндіктерін мақсатты қолдану пайдалы.

Бұл жаңалықтарда ең шешуші буын — педагог. Педагогтің рөлі өзгереді, ол тек қана жобалау-зерттеушілікті үйретуші ғана емес. Педагог білім мен ақпарат жеткізуші, бәрін білетін білгірден жұмысты ұйымдастырушы, кеңесші, мәселені шешу бойынша әріптес, әр түрлі түп нұсқалардан қажетті білім мен ақпаратты жеткізушінің көзіне (дәстүрлі емесстерден де) айналады.

Оқу жобасы немесе зерттеулер жұмысы барысында пікірлер жанжалды педагогиканың болуына мүмкіндік беріледі, балалармен бірге шығармашылық шабытты бастан өткізу, іш пыстыратын білім беретін үрдістен нәтижелі, жасампазды шығармашылық жұмысқа айналдыру керек.

Білім алушылардың көзқарасы бойынша жоба немесе зерттеулер – бұл өзінің шығармашылық әулетінің ашылу мүмкіндігі болды. Бұл қызмет, өзінің жеке, немесе топта айқындалуына мүмкіндік береді, өз күшін сынап көреді, өз білімін пайдалану, пайда әкелу, қол жеткізген нәтижесін көрсетуге көмектеседі. Көбінесе міндеттер түрінде балалардың өздері әзірлеген қызықты мәселені шешуге бағытталған, осы қызметтің нәтижесі - түйінді мәселенің шешімін табу тәсілі - практикалық сипатта болып, маңызды қолданбалы мәні және ең бастысы оны ашқандарға қызықты және мағыналы болады.

Жоба немесе зерттеу педагог көзқарасы тарапынан – бұл білім алушылардың жобалық және зерттеушілік дағдылары мен арнайы ептілігін дамытып және қалыптастыруға көмектесетін тәрбиелеу және оқытудың біріктірілген дамыту дидактикалық тәсілі, атап айтқанда мыналарға:

Оқыту қажет:

- мәселелерді (мәселелік өрісін қарастыруға, негізгі мәселелерді қалыптастыру және осы мәселеден туындаған міндеттерді қою);

- білім алушылардың мазмұнды қызметін жоспарлау және мақсатты тұжырымдауға;

- өздігінен талдау және рефлексияға (жобаның мәселелерін шешудегі нәтижеліліктер мен жетістіктерді анықтау);

- жұмыс барысындағы және өз қызметіндегі нәтижесінің көрсеткіші;

- әр түрлі түрдегі, арнайы дайындалған жобалау өнімінің тұсаукесері, (макеттер, плакаттар, жобалаулар, әдейі дайын тұрған өнім қолданумен, компьютерлік презентацияларды, сызбаларды, үлгілерді, сахнаға бейімдеуді, видео, аудио және сахналық қойылымдарды т.б.)

- өзекті ақпараттарды саралауға, іздестіруге, қажетті білімдерді меңгеруге;

- білімдерін әр түрлі жағдайда соның ішінде типтік емес жағдайларға қолдануға;

- жобалау өнімін дайындауда қолайлы технологияларды қолдануға, игеруге және таңдауға;

- зерттеулер өткізуге (талдауға, синтезге, болжамдарды ұсынуға, және жалпылауға).

Жобалық қызметтердің технологиясы педагогтен оқушыларды ерекше әзірлеуді етеді, тапсырмалардың талаптарын түсіндіру, орындалу тәсілдері нәтижелерін рәсімдеу талаптары. Тапсырмаларды, жобаны жасақтауға т.б сол сияқты үлкен уақыт көлемі беріледі (жұмыс көлеміне қарай ай, апта) жұмыстар жоспары құрастыралады, мәлімет көздері бекітіледі (аудандық мектеп және балалар кітапханаларымен байланыс орнату қажет). Оқу жобаларын құрастыру бойынша жұмыстар жеке түрде болуы міндетті емес. Бірнеше оқушылар біріктірілген кіші топтардың жобаларын құру үшін және жалпылай тапсырмалар беру.

Жобамен жұмыс жасау алдында оқушылардың ұйымдастыру қызметі.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту жұмысының міндеттерін баланы оқытып қана қоймай, оның қалай оқитынын түсінетін педагог қана шеше алады. Жобалау жұмыстары кезінде педагог келесі функцияларды атқарады: жобамен жұмысында керекті ақпарат көздерін іздеуде білім алушыға көмектеседі; ақпарат көзі болады; барлық үрдісті үйлестіреді, білім алушылардың жоба жұмысы бойынша алға ілгерілеуіне көмектесу үшін үздіксіз қайта байланысты қолдайды; балаларды мадақтайды.

Жобалық оқыту баланы

Білім алушылар өздерінің жоба бойынша жұмыстарын дайындалған жоспарға сай құрады:

1. Тақырыппен танысу.
2. Міндеттерді бөлу және жоспарды құрастыруы.
3. Жобамен жұмыс .
4. Рәсімдеу.
5. Алдын ала қорғау.
6. Қорғау.

Педагог пен білім алушылар қызметінің кезеңдері. Алдын ала дайындау. Жобамен жұмыс жасау үшін білім алушылардың мотивациясы. Мотивациялары бар балаларды шығару. Білім алушылармен бірге танымдық-ағарту жұмысын жүргізу.

Өз бетінше жеке дайындау. Жоба мақсаттары және міндеттерін, тақырыпты таңдау және талқылау. Қосымша ақпараттар алу. Жұмыс топтарын құру. Жоспарлау. Өндіру. Жеке және топтық жұмыс жоспарын

дайындау. Міндеттерді қалыптастыру. Ақпараттарды жинаудың тәсілдері мен көзін, жеке міндеттерін анықтау, оны талдау және синтездеу. Жұмысты жоспарлау. Есеп беру мерзімін қою және формаларын таңдау. Топ мүшелерінің арасындағы жүктемелері мен міндеттерін бөлу. Зерттеу. Педагог басқаруымен зерттеулерді орындау. Тәжірибеде зерттеу әдістерін қолдану (теориялық талдауға, бақылауға, сұхбат алуға, сауалнама және жауап алуға). Ақпараттарды сараптау және қорытынды мен міндеттерді тұжырымдау. Есеп (тұсаукесері). Есеп пен қорғаудың үлгілерін бекіту және талқылау (ауызша, жазбаша, дыбысты-бейнелік, графикалық). Нәтижелерді көрсету және бағалау (жұмыстың, ақпарат көзінің және ойдың жүзеге асырылу дәрежесі). Қызметтің ұжымдық талдауы:

1-кезең. Кітаптағы мәтінмен шығармашылықта жұмыс істеуге қабілетті балаларды анықтау, ақпараттарды таңдау және жалпылау, қорытындылар жасау, талдау.

2-кезең. Жоба бойынша жұмыс жасауға құлық танытқан балалар анықталғаннан кейін, жұмыстың тақырыбын іздеу және мақсатын анықтау басталады. Ең бастысы оқушыларды, алдына тек мақсат қоюды үйрету ғана емес, оны логикалық негіздеп, нәтижелерді жоғары дәрежеде көрсетуге үйрету керек.

3-кезең. Жобалардың тақырыбы мен мақсаттарын анықтағаннан кейін жұмыстарының орындалу ретін қою маңызды. Ол табысты жасалу үшін тағыда педагогтер тарапынан бақылау қажет, себебі оқушылар жұмыс жоспарын, міндеттерін қалай әзірлеу керектігін жиі түсіне бермейді.

4-кезең. Жұмыстың бұл кезеңінде, білім алушылар ақпарат көздерін анықтап алады. Материалды таңдауда шек қойылмайды. Бұл жерде сонымен қатар ғылыми кең таралған әдебиет, анықтамалықтар, сөздіктер, кезекті басылымдар, интернет, құжаттар.

5-кезең. Тақырыпты, мақсаттары жұмыс болжамдарының міндеттерін және ақпарат көздерін, топтың ішінде міндеттерді және жүктемелерді бөлуден кейін, келешектегі тұсаукесер мен көрсетуге арналған есептердің үлгісін таңдауға кіріседі. Бұл үшін жұмыстың алғашқы үлгісі және көрнекі материалдарының көрсетілімін, толығырақ жасалған жоспардың құру мерзімін дұрыс есептеу қажет, алдын ала қорытындылау жасалады, Бұл жерде сонымен бірге бағалау өлшем бірлігі, мазмұнына сай мақсаттары, міндеттері және тақырыптар, жұмыстың құрылымы, оны рәсімдеу, сапасы мен материалды әсерлі ұсыну қажетті екенін ескеру керек. Осының барлығын ескере отырып, зерттеуге тікелей кірісуге болады.

6-кезең. Ақпараттарды меңгеру, оны талдау және қайшылықтар немесе жетіспейтін мәліметтерді анықтау. Топтардағы жұмыстарды ұйымдастыру. Топтық жұмыста білім алушылар жеке мүдделерін толық топтың мүдделеріне бағындыруы, оқушылардың жеке ынталы күштері арқасында мүмкін болады. Топтық жұмыста білім алушылар бір-бірін толықтыра отырып, жобаның сапасын көтере отырып сонымен бірге бәсекелестікті құрады. Топтарға біріккен білім алушылар жеке тұлғаны қалыптастыратын бірлігін, тұтастығын, сапасын көрсетеді. Жобмен жұмыс жасауда пікірталассыз мүмкін емес.

7-кезең. Әр түрлі сұрақтар мен оның жауап нұсқаларын талқылаудан кейін, нақтылы шешімге келіп, оқушылар жұмысты қорытындылау кезеңіне кіріседі, жобаны жазбаша мазмұндайды.

8-кезең. Қорытынды кезеңінде жобаны конференцияда қорғау. Білім алушы өз жобасын ұсынып, оны талқылауға және басқа да жобаларды талқылауға қатысады.

9-кезең. Нәтижелер мен үрдісті бағалау. Нәтижелер және үрдісті бағалауда мына сұрақтарды қарап шығуды ұсынуға болады: жоба қаншалықты сәтті шықты? Жұмыс үрдісі кезінде мен (ол) өзгердім бе? Осы мәселемен жұмыс жасау маған (оған) қызықты ма? Осы адамдармен жұмыс жасау қызықты болды ма? Осы құрамдағы топпен басқа жобаларда жұмыс жалғастыруды қалаймын ба? Жоба бойынша жұмыс үрдісін өзгертуді қалаймын ба? Неліктен?

Жобалық қызметтің бір ерекшелігі бұл балалардың жан-жақты дағдыларын және білім беру қызметінің әртүрлі бағыттарында өзін дамыту мүмкіндіктерін беруші балалар бірлестігіндегі ерекше білім беру ауа кеңістігін құру. Ол аймақтың экологиялық мәселелерін зерттеудегі түрткісін көтеруге; берілген мәселе бойынша кешенді қабылдауды жүзеге асыруға; өз бетінше шешім қабылдауға; өз күшіне сенуге мүмкіндік береді.

Экологиялық жобалау әдісі арқылы экологиялық ойлауды қалыптастыру

Жобалық технология - экологиялық құзыреттілікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологияларының бірі.

Жобалық технологияның негізінде білім алушылардың зерттеушілік және танымдық қызметін дамыту, экологиялық кеңістікте

бағдарлау үшін өзінің білімін құрастыру қарастырылады. Қоршаған ортаның бөлігі ретінде

«Педагог- білім алушы» дәстүрлі байланысы «Білім алушы-педагог» байланысына өзгереді. Бұл дәл сол ерекше жағдай яғни ауыстырғанда саны өзгереді (оқу-тәрбиелік нәтижесі).

Балаларды экологиялық іздестіру үрдісіне тартуға ерекше мән беріледі, мұнда маңызды тек нәтиженің өзі емес, ал нәтижеге жету үрдісі болып есептеледі.

Жобамен жұмыс жасау кезінде қосымша білім педагогі білім алушыларға мәліметтер іздестіруде көмектесіп, жоба жұмыстарының үрдісін үйлестіріп кеңесші міндетін атқарады Сонымен, жобалау әдісінің экологиялық оқыту және тәрбиелеу үшін сондай-ақ экологиялық дүниетанымын дамытуда үлкен психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері бар.

Жобалардың орындалу кезінде білім беру, дамытушылық және тәрбиелік міндеттері шешіледі:

- қоршаған орта мен адамдардың өзара байланыс заңдылықтарын түсіну үшін экологиялық білімнің біртұтас бейнесін жасау;

- экологиялық білімді, ойлау және тың ойды қоғамдағы өрлеуде материалдық күшке айналдыру мақсатында қосымша экологиялық білім алуға мотивациясының жоғарылауы;

- қоршаған ортада ғылыми тану әдістерін зерттеу;

- алған нәтижелерді түсіндіру және рефлексияға қабілеттің жасалуы;

- тұлғаның экологиялық және зерттеушілік сапаларын дамыту мен экологиялық ойлау бейнесін жетілдіру;

- экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру;

- әлеуметтік мінез-құлықтың базалық алгоритмін ұйымдастыру;

Жобалау әдісі білім алушылардың әртүрлі дербес қызмет түрлеріне бағытталған: жеке, жұптық, топтық.

Практикалық сабақтарында жобалау технологиясы мынадай мүмкіндік береді:

- бағдарламалық талаптарды орындауға сай білім алушыларды білім қызметіне ғана емес сондай-ақ жобалық және зерттеушілік қызметіне тарту;

- экологиялық, ғылыми, сын тұрғысынан ойлауға тәрбиелеу;

- ақпарат көздермен жұмыс істей білуін дамыту;

- жобалау қызметінің дағдыларын ұйымдастыру;

- қоршаған орта объектілерін талдау және бағалауды жүзеге асыру ептілігін қалыптастыру;

-саналы түрде сол немесе басқа нақты үрдістер мен нақты экологиялық мәселені шешу жолдарын таңдау;

-балаларға орындалған жұмыстардың өмірлік қажеттілігін көруге көмектесу.

Жеке экологиялық жобаны орындауда білім алушы педагог ұсынған экологиялық жағдайлар немесе мәселені жеке көруімен жүзеге асыра алады. Білім беретін қызметтердің осындай түрлерін енгізу технологиясы сабақтарды ерекше құрастыруға әкеледі, себебі жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі тек қана экологиялық және зерттеушілік жағынан мағыналы мәселенің болуынан, оны шешуге білім алушылардан біріктірілген білімдердің болуын талап етеді.

Сонымен қосымша білім беру педагогі сабаққа дайындалу кезінде білім алушының өз бетінше жұмыс жасау қабілетінің потенциалы туралы біршама ақпарат болуы, қажетті экологиялық ақпараттарды алу үшін әртүрлі деректерді тартуы, антропогендік және табиғи қорларды талдауы, қойылған мақсатқа жету үшін дәстүрлі емес жолдарын табуы, өзінің жобалық қызметінің мүмкін нәтижелерін қарастыруы керек.

Экология бойынша білім беретін қызметте жобалық технологиялар практикалық тәжірибесін қолдану бізге, дайын болған ортақ схемаға нақты толықтырулар жасау мүмкіндігін береді.

Ұйымдастыру-дайындау бірінші кезеңі болуы тиісті. Бірінші кезекте, әртүрлі жағдайларда әр түрлі болатын жобалардың тақырыптарын таңдау қажет. Бір жағдайда, берілген пән бойынша өзінің бағдарламасымен тақырыпты жинақтауға болады. Басқа жағдайда- білім алушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын есепке ала отырып педагогпен бірге көтеру. Үшіншіден, жоба тақырыптары білім алушылардың өздері ұсынған, танымдық емес сондай-ақ қосымша шығармашылық мүдделеріне бағытталады.

Экологиялық жобаларға арналған тақырыптары әр алуан, көп жағдайда регламентті талап етпейтін бұл нақты шығармашылық болып есептеледі.

Бұл кезеңде таңдалған экологиялық мәселе бойынша барлық толықтырылған ақпараттарды алуда мотивациялық қырын жинақтау өте маңызды. Бұл мақсат бойынша шешу үшін педагог ұсынған осы немесе басқа экологиялық мәселелер мен жағдайлардың және оның түрлену мүмкіндігіне қарай салыстырмалы жедел талдауларын қолдануға болады, нақты өмірлік экологиялық жағдайларда жобаның мүмкін нұсқаларын қолдануды талқылау.

Мысалы, қаладағы ағынды суларды тазалау әдістерін қарастыра отырып, білім алушылар ең маңызды мәселенің бар екенін белгілейді-

экологиялық қауіпсіз және экономикалық жалпы әдістердің көмегі арқылы жоғары сапалы тазалауға қалай жетуге болады?

Бұл білім алушылардан ғылыми және шығармашылық ізденістерді, тапқырлықты көрсетуді, ал ең бастысы суды тазалау үрдістері мен бар әдістердің басқа түрлері, сондай-ақ материалдар, реагивтер, құралдар мен құрылғылар туралы білімдерін талап етеді.

Берілген мәселені талдағанда білім алушылар оймен көз алдына келтіре отырып, нысанды тазалаудағы физикалық-географиялық орнына, климаттық және геологиялық жағдайына, әлеуметтік және экологиялық, экономикалық жағдайларына байланысты ағынды суларды тазалау үрдісі қалай өтетін туралы тәжірибе өткізеді.

Ары қарай білім алушылар болашақтағы экологиялық жобаның нақты формасын және оның бағытын таңдайды, сондай -ақ жобаның параметрлерін және оған талабын қалыптастырады.

Жобаның тақырыбы мен күрделігіне қарай оның бағытының формасы теориялық және қосымшалық сипатта болуы мүмкін.

Егер жобаның тақырыбы нақты бір экологиялық сұрақтар немесе мәселелерге қатысты болса, онда әрбір білім алушылардың білімдерін тереңдету мақсатында әдебиеттер көздеріне жалпы шолу түрінде (жазылған үрдістерді, әдістерді, әдебиеттерді бағалауы және талдауы) орындалады.

Мұндай теориялық (шолу)жобаны ешқандай зертханалық немесе далалық зерттеулер жүргізбей ақ, экологиялық білім мен дағдыларды әлсіз меңгерген білім алушымен орындауға болады.

Бұл педагогке экологиялық тәрбиелеу және оқыту үрдістерін саралауға көмектеседі.

Көбінесе жобалардың тақырыптары қолданбалы сипатта болады, яғни практикалық сұрақтарға қатысты, шынайы өмірге және әртүрі пәндер, шығармашылық ойлау, зерттеушілік дағдылар бойынша білім алушылардың білімін тартуды талап етеді.Осылайша нақты білімді біріктіруді қалайды.

Бұл жағдайда таңдалаған нысанды тікелей зерттеу және онымен тәжірибе орнату үшін жоба зертханалық немесе дала зерттеушілік формасында болады.

Сонымен бірге табиғи зерттеулерді жүргізу алдын ала әдеби деректерінің зерттеулерін шығармайды.

Ұйымдастырушылық-дайындау кезеңі нәтижелерді болжаумен және болашақ қызметті талдаумен аяқталады.

Ал, екінші құрылымдық кезеңде жобаның жоспарын құру, оны орындау техникасын таңдау, керекті материалдар мен әдістерді таңдау, реактивтер мен жабдықтарды таңдау кіреді.

Мысалы, білім алушы (балалар бірлестігі) қаладағы ағын суларды тазалау үшін биологиялық әдістерді қолдану мүмкіндігін зерттеу бойынша нақты жобаны орындайды.

Осы жобалық мәселені шешу барысында оған басқа оқу пәнінен алған білімі мен дағдысын пайдалануға тура келеді, яғни тарих және өлкетанудан (қаланың даму тарихы және оның инфрақұрылымы), құқықтану (табиғи суларды қорғау құқықтары және олардың ластану үшін жауапкершілік), математика (алынған нәтижелердің статистикалық өңдеу және есеп жүргізу), информатика (зерттеулерді орындау үшін қосымша бағдарламаларды қолдану), география (физикалық-географиялық және климаттық жағдайлардың талдауы) және химия, физика, биология, экология бойынша білімдер жиынтығы.

Жоба нақты практикалық технологияда орындалуын талап етеін ескере отырып, керекті материалдар мен әдістерді, сонымен бірге реактивтер мен жабдықтарды сай таңдау қажеттілігі туындайды.

Білім алушылар жоба тақырыбына таңдалған керекті жабдықтар мен реактивтер, материалдар және әдістердің сәйкес келуін зерттей отырып салыстырмалы кестені құрастырады.

Бұл кезеңде білім алушылар өзінің зерттеуінің орындалуын ұйымдастыруды жобалайды, сондай -ақ керекті ақпараттарды іздеуді де.

Ақпараттарды әдебиеттер көздерінен немесе тікелей ғылымнан және сол саладағы мамандардан алуға мүмкіндіктер бар.

Алдағы уақытта педагогпен немесе жобалық қызметпен айналысушы басқа білім алушылармен бірге экологиялық жобаны ұйымдастырудың дұрыстығын қарайтын тұрақты тексеріс жүргізіледі. Зерттеушілік кезең жоспарланған экологиялық жобаның тікелей орындалуын қарастырады. Бұл кезеңде зерттеушілік кезеңдегі әрбір топтың бағасы және білім алушылардың қызметі жағынан өзін-өзі бақылау өзекті болады.

Жобалық қызметтің келесі кезеңдерде орындалған жобаны (керек кезінде) түзету жұмыстары жүргізіледі, презентацияға дайындық, жеке жобаны қорғау, талқылау (өзін-өзі бағалау, ішкі бағалау, өзара бағалау және т.б.).

Орындалған жобалардың нәтижесі баспа түрінде немесе компьютерлік презентация, видеофильм түрінде дайындалуы тиіс. Экологиялық жобаны орындауда бірінші орында ең алдымен білім алушыларды нақты экологиялық міндеттер мен мәселелерді шешу үшін

экология мен басқа пәндер бойынша білімін қолдануды үйрету міндеті тұр.

Екінші міндетінің әдісі- табиғи ортаны сақтау мен дамыту үшін білім алушылардың экологиялық ойлау яғни білім деңгейін, мәдениетін тәрбиелеу.

Экологиялық жобаның әдістерін қолдану жалпы экология бойынша сабақтарда алған, нақты экологиялық жағдайларда алдын ала игерген өмірлік және оқу дағдыларын пайдалана алу мүмкіндігін береді. Экологиялық жобалау білім алушылардың экологиялық мәдениетінің, экологиялық ойлау және санасының тиімді қалыптасуына әсерін тигізеді. Әдіс жұмыс үрдісінде түзетулер енгізуге, өзінің қызметін алгоритмдеуге және оның нәтижесін көрсетуге үйретеді.

Республикадағы балаларға қосымша білім берудегі әлеуметтік- маңызды экологиялық жобалар

Қазіргі кезеңде балаларға қосымша білім беру жүйесі білім алушыларды дамытуда тиімді технологияларды қолданады. Жаңа технологиялар Қазақстан Республикасының 2012-2020жылдарына арналған білім беруді дамыту Мемлекеттік бағдарламасында айқындалған, заманауи білім беру сапасына қойылған жаңа талаптарды ескере отырып, әлемдік стандарт деңгейінде болуы тиіс. Бұл технологиялар жоғары білім сапасын, білім алушылардың құзыреттілігін қамтамасыз етуге, әртүрлі қызмет саласындағы мәселелерді өз бетінше шешу қабілетін дамытуға көмектеседі.

Мұндай технологиялар қатарына дамытушы, жеке тұлғалық-бағдарлық оқыту технологиялары жатады. Әдістер ішіндегі жобалық оқыту әдісі өз бетінше білім алуға үйретеді. Бұл әдіс педагогикалық технология секілді өзіне зерттеушілік, мәселелік, ізденушілік әдістерін кірістіреді. Ол білім алушылардың өз бетінше жұмыс жасау қызметіне бағдарланған.

Экология-биологиялық бағыттағы қосымша білім беру педагогтері көп жылдар ішінде білім алушылармен бірге әлеуметтік маңызды экологиялық жобаларды жүзеге асыруда (1- қосымша) . Жасөспірімдер шынайы өмірдегі әлеуметтік және табиғи ортадағы мәселелерді басынан өткізеді.Бұл балаларда әлеуметтік маңызды қызметте өзін өзі шығармашылық тұрғыда анықтауды, әлеуметтік және қоршаған ортамен өзара үлесімді қарым-қатынасты, жалпы адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға көмектеседі.

Әлеуметтік маңызды жобаларды жоспарлау мен жүзеге асыруға қатыса отырып, балалар бірлестігінің білім алушылары әлеуметтік және

мәдени ортада өзін-өзі анықтайды, шығармашылық қызметтің дағдыларын игереді.

Біздің қоғамда баланың жеке тұлға ретінде әлеуметтенуіне жағдай жасауға бағдарланған әлеуметтік маңызды қызмет қарқынды дамып келеді.

Жобаның жүзеге асырылуының **әлеуметтік маңызы** дегеніміз бұл:

Білім алушылардың әлеуметтік маңызды жұмыстарға қатысуы; білім алушылардың жеке тұлғалық және коммуникативті сапаларын дамыту; балалармен бірге азаматтық мінез-құлық тәжірибесін жинақтау; білім алушылар арасында жеке тұлға аралық қарым-қатынастың шиеленісу деңгейінің төмендеуі; экологиялық мәдениетті тәрбиелеу.

Баланың қызығушылығы және олардың қоғамдық белсенділігі мен ынталарын дамытуға бағытталған қосымша білім беру ұйымдарындағы балалар бірлестігінде үлкен потенциал бар.

Біздің басты мақсатымыз- балаларға өз елінің абыройлы азаматы болуына көмектесу, өзін өзі жетілдіруде олардың ізденістерін қалыптастыру, қызметтің әр алуан түрлері арқылы әлеуметтік шығармашылық үшін барлық жағдайларды жасау.

Балаларда өз бетінше табиғатты зерттеу қажеттілігін қалыптастыру. Бұл міндетті экологиялық бағытта дамушы ортаны қалыптастыру арқылы шешуге болады, мұнда бала қоршаған ортаны, табиғаттағы байланыс пен тәуелділікті өз бетінше бөлуге, жанды және жансыз табиғаттағы нысандар мен құбылыстарды бақылау отырып, олармен өзара байланыс жасай алады.

Жобалық қызметтің бір ерекшелігі оны мектепке дейінгі жастан бастап әртүрлі жастағы балалармен жұмыс жасауға және оған әртүрлі әдістеме мен технологияларды қосуға болады.

Жобалық қызмет мектепке дейінгі жастан бастап («Моя малая Родина», «Росток», «Капелька света») әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы бірлестіктерде енгізіледі. Балалардың зерттеушілік қызметін ұйымдастыру үрдісінде педагог ізденушілік қызметі, зерделік ынтасы алғышарттарының қалыптасуына, үлкендердің көмегімен, содан кейін өз бетінше мәселелерді шешудегі мүмкін әдістерін анықтау дағдыларын дамыту; қойылған міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін, берілген әдістерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; арнайы терминологияны пайдалану ықыласын дамыту, зерттеу жұмысын жасау үрдісінде әңгіме жүргізу.

Шығармашылық пен ізденіске сай оқыту үрдісін жандандыруға, қуанышты, көтеріңкі атмосферасын қалай қалыптастыруға болады?

Білім беру қызметін жарқын, тартымды және қызықты болуды қалай жасауға болады? Білім алушылардың білімге деген қызығушылығын қалай оятуға болады? Бұл сұрақтар білім алушыларды зерттеуші, ғалым ретінде оқыту кезіндегі мәселелерді шешуге көмектеседі. Қосымша ретінде көрсетілген әлеуметтік-экологиялық жоба Шығыс Қазақстан облысы, Қатон-Қарағай ауданы, Қатон-Қарағай селосында жасалып және сәтті жүзеге асырылды. Бұл жобаны Жас туристер станциясы білім алушылары дайындап, Республикалық жас экологтар форумында жоғары бағаланды.

«Экологиялық соқпақ» атты әлеуметтік-экологиялық жобасы

Білім беру мекемелеріндегі экологиялық дамыту ортасының маңызды бір құрам бөлігі – экологиялық соқпақ жұмысын ұйымдастыру, ол оқушыларға табиғатта жүріп жатқан түрлі үрдістерді көріп, танысуға, тірі нысандарды олардың табиғи ортасында зерттеуге, қарапайым экологиялық зерттеулер дағдысын алуға, қарапайым деңгейде жергілікті экологиялық мәселерді анықтауға және оларды өз бетімен шешуге үйретеді. Экологиялық соқпақ – бұл табиғаттағы арнайы жасақталған немесе жабдықталған жол.

Экологиялық соқпақтың жұмысын қызықты және мазмұнды құру арқылы балаларға экологиялық білім берудің барлық міндеттерін шешуге болады. Тек қана экологиялық соқпақ тірі ағзалардың сыртқы ортамен ортақ байланысын түсінуге мүмкіндік береді, тірі ағзалардың экожүйедегі тіршілігін, олардың өзара бір біріне әсерін т.б. бақылай алады.

Экологиялық соқпақтағы жұмысты маусымдық өзгерістер мен жергілікті жағдайды ескере отырып жоспарлауға болады. Балаларды өсімдік және жануарлар әлемінің әсерлі нысандарымен таныстыруда маусымдық құбылыстар және табиғаттағы еңбектің түрлерімен ұштастыру маңызды. Экологиялық соқпақтағы жұмысты ұйымдастыруда, жас ерекшеліктерін және даму бағытындағы осы ортаның арнайы бағытын ескере отырып, әртүрлі әдістердің түрін пайдалануға болады: топсеруен, тәжірибе-сабақ, бақылау-сабақ, экологиялық ойындар, байқаулар, викториналар, мерекелер. Экологиялық соқпақ – бұл рухани-эстетикалық, еңбек тәрбиесінің құралы.

Осылайша, экологиялық соқпақ көмегімен балаларға экологиялық тәрбие беретін білім мекемесіне жақын жердегі орманның жер үлесін сауатты пайдалануға болады. Шын мәнінде бұл аймақ жоғары экологиялық қауіпсіздіктің аймағы болып, ол аймақ қазіргі деңгейде

келесі міндеттерді: салауаттандыру, ортаны безендіру, оқу-ағартуды іске асыруға мүмкіндік туғызады.

Күтілетін нәтижелер:

- жануарлар және өсімдіктермен қарым-қатынас жасауда қуанышты көңіл күйдің көрініс табуы;
- тіршілік иелерін танып-білуге қызығуы.
- қиын жағдайға тап болғандарға жанашырлық көрсетуі, саналы түрде өз бетінше көмек беру, нысанның жағдайын дұрыс анықтау, қажетті байланысты орнату;
- тірі ағзаның қажеттілігін қанағаттандыруға талпыну;
- тіршілікке адамгершілік сезімін көрсетуі.

Орындалу механизмі

Берілген жобаны кез келген білім беру мекемелерінде іске асыруға болады. Экологиялық тәрбие жұмысын кіші, орта және жоғарғы жастағы балалармен жүргізуге болады. Білім беру үрдісінің негізгі қатынасушылары бала, ата- ана және педагогтер болып есептеледі. Субъектілердің өзара қарым –қатынасы ынтымақтастық және сыйластық негізінде орнатылады. **Негізгі бөлім. Жобаның сипаттамасы**

Жұмыстың негізіне қойылған қағидалары:

- өлкетану қағидасы;
 - білім беру мен бала дамуының заңдылықтары қатаң сәйкес болу қағидасы;
 - түсініктердің ғылмилылық пен қолжетімділік қағидасы;
 - пәнаралық және мазмұндық ықпалдастық қағидасы.
- Өлкетану қағидасы; туған өлке табиғатын зерттеуге мүмкіндік береді: - қоршаған орта құбылыстары мен заттарын тікелей бақылау және зерттеу негізінде ұғымдарын қалыптастыруға;
- балалардың өздерінде бар мәліметтерді тәжірибе жүзінде әртүрлі қызметтерінде қолдануы үшін пайдалану;
 - өздерін көрсете алуға, қалыпты жағдай жасауға, коммуникативті қарым-қатынасты ұйымдастыру яғни, әр бала өзінің дара, жеке тұлғалық ерекшелігін көрсете алуына мүмкіндігі болуы, бұл өте жоғары дәрежеде оның өз бетімен дамуын ынталандырады.

Педагогикалық үрдістің тиімді және табысты болуы экологиялық білім беру мен бала ағзасының даму заңдылықтары қатаң түрде сәйкес болуында.

Мазмұнды таңдауда ұғымдардың ғылмилығы мен қолжетімділігі ескерілу керек. Кезең сайын алғашқы деректерді ұсыну күрделене береді, мазмұнымен толықтырылады, бірте-бірте білімін

калыптастыратын ұғымдарға айналады. Сонымен, жаратылыстанудан алған білімнің мынадай сызбанұсқасы қалыптасады: «ұсыныс – ұғым–білім». Осындай бірізділік, білімнің сабақтастығын және оның мазмұнын тереңдетуді қамтамасыз етеді. Пәнаралық және ықпалдастық қағидасы толықтай білім беру үрдісін біртұтас етеді.

Материалдың күрделенуі жастан жасқа қарай «қарапайымнан күрделіге» қағидасы бойынша жүреді.

Соқпақты жасау және дайындау кезеңдері.

1) қызықты нысандарды анықтауға және аймақтарды толық зерттеу;

2) барлық нысандары мен жол бағдарлары салынған соқпақтың карта сызбасын құрастыру (сандар салынған дөңгелектер түрінде немесе сурет-таңбалар; әртүрлі бағытта жасауға болады). Балаларға арналған карта сызбалар жол көрсетуші сызықтар мен нысандардың суреттері көрсетілген түсінікті түрде болуы тиіс.

3) нысандарды фотоға түсіріп (немесе суретін салып) және сызбадағы барлық нүктелерге сипаттама беру керек, альбом (төлқұжат) түрінде ресімдеу қажет;

4) түрлі нүктелердің суреттері салынған және табиғат қорғау белгілері бар тақтайшалар дайындау;

5) балалармен жұмыс жасауға арналған сүрлеу жолындағы нысандарды пайдалану үшін ұсыныстарды жасақтау.

Соқпақтың жүру жолын таңдауда қойылатын талаптар:

-тартымдылығы: жер бедерінің (ландшафтың) әдемілігі – бұл оның іштей сезілетін пайдалылығы; әрбір соқпақ басқасына ұқсас болмауы керек; соқпақ біркелкі болмауы керек;

-қолжетімділігі: соқпақ елді мекеннен алыс болмауы керек және ең алғашқы басталар жеріне жақындауға дейін жол жақсы болуы керек: соқпақ жолы жүруге қауіпті және қиын болмауы тиіс, себебі денесіне түскен ауырлық баланы шаршатып, табиғаттың әсем көрінісінен рахат алуы, танып-білуге талпынысы, тәрбиені қабылдаушылық қабілеттерін жоғалтып алуы мүмкін;

-ақпараттылығы: адамдардың географиялық, биологиялық, экологиялық және басқа да жағдайлар бойынша танымдық қажеттілігін қанағаттандыру қабілеті.

Экологиялық соқпақтың жабдықталуы.

Соқпақтағы табиғат қорғау шараларының бірі, оның жабдықталуы болып есептеледі. Саяхатқа шыққандардың жолы әрі жайлы, қолайлы жағдайда болуын, жан-жақты жоғарғы дәрежеде, сонымен бірге

қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұмытпау керек. Орман алабында сүрлеу жолдары салынған, экологиялық соқпақта өзін-өзі ұстау ережелері жасақталған, көшпелі ақпараттық тақталар орналастырылған болуы тиіс. Табиғи ортаны сақтау үшін және демалушыларға қолайлы, жайлы жағдай болуы мақсатында соқпаққа келген қатынасшылар белгілі ережелерге бағынуы тиіс:

-қорғауға алынған өсімдіктер ғана емес, кез келген жер үсті мен су өсімдіктерін жұлуға қатаң тиым салынады;

-соқпақтан ешқандай табиғаттың бөлігін алып шығуға болмайды: әдемі тастар, қызық бұтақтар және т.б. соқпақтан тек қана білім, әсерлер және фотобейнелерді ғана алып шығуға болады;

-алауды арнайы бөлінген орындарда ғана жағуға болады;

-соқпақпен жүргенде жануарлардың тыныштығын бұзбай, алаңдатушылық болмауы үшін мүмкіндігінше тыныш, қатты дыбыстарды шығармай жүру керек, сондықтан да өзімен бірге итті алып шығуға болмайды;

-өзінен кейін ешқандай қоқыс қалдырмауы тиіс.

Экологиялық соқпақ жасау жөніндегі оқыту тобы жұмысының мазмұны

Ізденушілер дегеніміз бұл–жергілікті жерді зерттеумен айналысушы, жол салушы, оның карта сызбасын құрастырушы, топ серуеннің нысандарын, көруге арналған демалыс орындарын анықтаушы, жол бағдарының түрлі нұсқаларын әзірлеуші табиғат әуесқойлары мен болып саналады. Білім алушылар соқпақ аймағында орналасқан нысандардың тізімін құрастырып, жол бағдарын қою мен стендтерге ілу үшін орманға келушілерге ұрандар мен үндеулерді, ғылыми және әдеби мәтіндердің тақырыбын анықтады.

Ұйымдастырушылар ең үздік үндеулер, ұран, экологиялық таңбалар, ізденушілердің құрастыруымен соқпақ нысандарының тізімімен сай ең үздік ғылыми және әдеби мәтіндер байқауларын өткізеді.

Байқау шарттары туралы оқушыларға толық мәлімет беріледі. Байқауды ұйымдастырушылардың өздері де белсенді қатынасып , кеңестер берді. Дайындаушылар – стенды, экологиялық таңбалар, алынған үлгіге сай тасымалданатын ақпараттық тақталар дайындады.

Экскурсия жетекшісі – «Соқпақ» атты экспедиция жасағының жоғарғы сынып оқушыларынан дайындалады. Өз білімін жетілдіру дағдыларын игеруде экскурсия жетекшісін дайындау үлкен рөл атқарады.

Алдағы уақытта экскурсия жетекшісін дайындау экологиялық білімді насихаттаушылардың рөліне дайындау мақсатында, уақытша пайдаланылатын толық жабдықталған соқпаққа шығумен байланысты. Осы кезеңде оқушылардың теориялық және нақты білімдерінің ұштасуы жүреді. Экскурсия жетекшілері табиғат нысандарын өз әңгімелерінде пайдалануды үйренеді, антропогендік іс-әрекеттің әр түрлі көріністерін, стенд мәтіндерін толық айтады. Қорытындылай келе, экологиялық соқпақта экскурсия өткізу – бұл жергілікті жердің жағдайын танып білуге арналған үлкен материалды өңдеудің, өз жерлестерінің еңбектерін танып-білу, сонымен бірге, оқушылардың жеке басының туған өлкесі табиғат байлықтарын қорғауға қатысуының нәтижесі.

Экологиялық соқпақтағы жұмыс түрлері мен әдістері:

- экологиялық әңгімелер;
- экологиялық топ серуендер;
- экологиялық байқаулар;
- экологиялық акциялар;
- талқылау және жағдайдан шығу;
- еңбек күштерін әкелу;
- экологиялық көрмелер мен көрме қойылымдары;
- экологиялық мұражайлар;
- экологиялық шығармашылық күн; (апта)
- экологиялық мерекелер және фестивальдер;
- экологиялық ойындар (дидактикалық, нысанның үлгісін жасау,
- экожүйені моделдеу ойыны; жарыстар, саяхат ойыны және т.т.);
- экологиялық ертегілер;
- сахналық қойылымдар, театрландырылған қойылымдар т.т.

Экологиялық бақылаулар. Олардың мақсаты – тірі ағзалар ретінде жануарлар мен өсімдіктер туралы түсінікті, табиғаттағы өзара қарым-қатынасты көрсету. Бақылауға алынған нысанды барлық жағынан қарастыру маңызды. Өсімдіктерді бақылауда келесі циклдерді көрсетуге болады: атауы(атауына байланысты қызықты деректер); жіктелуді (ағаш, бұта, шөптесін өсімдіктер); сыртқы түрі, бөлімдері, маңызы; өсуі мен дамуына қажетті жағдайлар; тіршілік ету ортасы; өсімдіктер - жануарлардың тіршілік ету ортасы; өсімдіктер - жануарлардың қорегі; тұқымдардың таралу түрлері; көбеюі; адам өміріндегі маңызы; адам өсімдіктерге қалай көмектеседі; табиғатта жүріп-тұру ережесі.

Жануарларды бақылау кезінде келесі мақсатты әрекет түрлерін анықтау: атауы (атауына байланысты қызықты деректер); сыртқы түрі, ерекшелігі; жіктелуі (буын аяқтылар, құстар, балықтар, сүт қоректілер);

қозғалу тәсілі, аяқ-қолдарының қозғалу тәсіліне қарай бейімделуі, қорегін табу тәсілі, қорегін табуға байланыста бейімделуі; қорек табуы; қорегі; тіршілік ортасы, тіршілік ортасына бейімделуі; көбеюі; табиғаттағы өзара байланысы; адам өміріндегі маңызы; жануарлар тіршілігіндегі адамның рөлі; табиғатта жүріп-тұру ережесі.

Экологиялық экскурсиялар, экспедициялар.

Мақсаты- қойылған сұрақтарға жауаптар табу, ақпарат жинақтау, бақылауды үйрену, табиғат кітабын «оқу». Экскурсияның мазмұнына қоршаған орта жағдайлары, жергілікті жерд бедері, экологиялық ахуалды, өсімдіктер мен жануарлар туралы ұғымын қалыптастыру кіреді.

Экспедиция кезінде білім алушылар әртүрлі жағдайдағы (оның ішінде қолайсыз экологиялық жағдайдағы: жол бойындағы, шарбақ бойындағы, құрғақ даладағы т. б.) өсімдіктерді, топырақты, суларды зерттейді. Зерттеу нысандары ретінде жанды табиғаттан басқа, жанды емес табиғаттың нысандары кіреді: гранит тастары, құм үгінділері, жел мен су және олардың табиғатқа әсері.

Әдеттегідей, экологиялық экспедицияларға арнайы құралдар керек: лупа; қарындаш, фломастер; әйнектің бірнеше пластинкасы; кеппе шөпке арналған папка; қорапшалар; пакеттер; фотоаппарат және т.б. Жұмыс нәтижелері альбомдар, суреттер, топтамалар түрінде ресімделеді. **Экологиялық әңгімелер.** Оқушыларға тірі табиғат нысандары мен құбылыстар арасындағы тәуелділікті игеру - өте күрделі тақырып. Бұл міндеттің шешуін экологиялық әңгімелер арқылы жеңілдетуге болады. Бұның негізі болып әртүрлі сұрақтарға жауап беру болып табылады: «қалай?», «неге?», «неліктен?». Мысалы: «Неліктен жапырақтар түссізденеді?»; «неге ақ аюды Қызыл кітапқа енгізді?»; «Сары құмырсқаның қадай пайдасы бар ма?»; «Қайың қалай дем алады?»; «Құстар қайда түнейді?»; «Құмырсқаның илеулерін неліктен қалақай, сүйелшөп, таңқурай, итмұрын өсімдіктері айнала қоршап тұрады?» Балалардың танымдық іс-әрекеті мен эмоциялық қабылдауын ұштастыру қажеттілігін ұмытпау керек.

Оны жүргізудің басты шарты балалардың қызығушылығы болып табылады. Серуенде қызықты әдеби шығармалардан алынған әңгімені жүргізу балаларда табиғат сезімін қалыптастыруға ықпал жасайды.

Аяқталған әлеуметтік маңызды «Экологиялық соқпақ» жобасын тәжірибеде пайдалану арқылы балаларда туған өлкеміз – Отанымыздың кішкентай бөлшегі, бірегей табиғатының тағдырына жауапкершілікпен қарау сезімін қалыптастыру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік туады.

Қорытынды

Әлемде қалыптасқан экологиялық жағдайлар адамзат алдына маңызды міндетті қояды - биосферада өмір сүрудің экологиялық жағдайларын сақтау. Осыған байланысты бүгінгі және болашақ ұрпақтардың экологиялық сауаттылығы және экологиялық мәдениетін қалыптастыру туралы өзекті мәселелері тұр.

Бұл жағдайда күрделі жағдайдағы өзгермелі ортада экологиялық сауатты, жоғары адамгершілігі бар және дені сау ұрпақты тәрбиелеу мәселелері ерекше назар аударуды қалайды.

Экологиялық білім және іскерліктерді меңгере отырып, өскелең ұрпақ Қазақстан Республикасының дамуына және өркендеуіне, дүние жүзінде оның беделінің артуына өзін дайындайды.

Балаларда табиғатқа жауапкершілікпен қарау қарым-қатынасын қалыптастыру – күрделі және ұзақ әлеуметтік-педагогикалық үдеріс.

Тек қана экологиялық білім мен тәрбие ғана қоршаған ортамен үйлесімділікте өмір сүруге жаңа негіз жасайды. Жобалық технология арқылы оқушылардың экологиялық қызметін ынталандыру-экологиялық тәрбиелеуді көтерудің мәнді факторы.

Жобалау әдісі бұл педагогикалық ортаны құру шартында экологиялық тәрбиелеудің мақсаттарына жетуіне мүмкіндік жасайтын экологиялық тәрбиелеу үрдісінде пайдалануда белсенді оқыту әдісі. Жобалау әдісі қоршаған орта туралы білімдерін жинақтаудан басқа, экологиялық мазмұнды және табиғат туралы мәліметтерді өз бетінше игеруге, табиғат туралы ұғымдарды жүйелеуге ынталандырады, білім алушылардың эмоциональды-бейнелік және адамгершілік- эстетикалық қабылдауын қамтамасыз етеді, балаларға табиғаттың маңыздылығы мен құндылығын тереңнен түсінуге және табиғи ортада дәлелденген мінез-құлықты қамтамасыз етеді. Экологиялық мәселерді шешу бойынша жобалық қызметке балаларды араластыру шығармашылық алғышарттарының дамуына жағдай жасайды.

Құрастырылған жобалық жұмыстың жүйесі білім алушылардың зияткерлік (қиялдау, білуге қызығушылық), әлеуметтік (тіл тапқыштық, қажетті), эмоциялық (байсалды болуға, таңқалуға қабілетті, қиялдау мен таңдануға) жағдайда жетілуге, ал педагогке «Бала- орталық, барлығының басы мен аяғы» атты өзінің педагогикалық ұстанымын жүзеге асыруда және кәсіби дамуы үшін мүмкіндіктер береді.

Адамзат жалпы мәдениетінің бөлігі тұлғаның сапасы ретінде экологиялық мәдениеттің барлық кешендерін дамытуда өскелең ұрпақты экологиялық тәрбиелеуді жоғары білікті, экологиялық сауатты, бала тұлғасына кешенді әсер етуші тиімді әдістері бар арнайы білімдерді игерген қосымша білім беру педагогтері жүргізеді.

Жобаның төлқұжаты

Экологиялық жоба «Мектеп ауласы – менің елім»

Жобаны жасақтаудың негізі – Қазақстан Республикасының 2012-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру.

Жобаны жасақтаушы: Ақмола облысы, Краснояр орта мектебінің экологиялық жасақ оқушылары.

Жобаның мақсаты мен жүзеге асыру міндеттері

Жобаның мақсаты:

- өскелең ұрпақтың экологиялық, отансүйгіштік бойынша мемлекеттік саясатының жүзеге асырылуы және білім алушылардың экологиялық мәдениетін тұлғаның еңбек, рухани-адамгершілігін дамыту негізінде іргелес аймақтар мен мектеп алдындағы аумақты көркейту бойынша педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен, оқушылармен бірігіп жұмыс жасау арқылы қалыптастыру;

Жобаның міндеттері

- өскелең ұрпақта белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру;
- оқушылардың экологиялық санасын және экологиялық мәдениетін тәрбиелеу;
- оқушылардың еңбекке баулу, эстетикалық және адамгершілік тәрбиесіне ықпал жасау;
- экологиялық білім берудің аймақ аралық бағытын көтеру;
- әлеуметтік маңызды жобаларды дайындау және жүзеге асыру арқылы жергілікті бірлестің өзекті мәселелерін шешу механизмдеріне балаларды тарту;
- қоршаған ортаны жағдайы үшін жеке жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
- мектеп алдындағы аймақтарды көркейту- әлеуметтік маңызды қызметті ұйымдастыру арқылы оқушылардың шығармашылығы мен ынтасын дамыту;
- мектеп алдындағы аймақтарды көркейту және жандандыру;
- оқушылардың экологиялық мәдениетін насихаттау бойынша ақпараттық-ағартушылық жұмысын жүргізу;

Күтілетін нәтижелер:

- еліміздегі жас азаматтарды экологиялық, отан сүйгіштігі бағытында тәрбилеуде мемлекет саясатының міндеттерін шешу;

- қоршаған ортаны қорғауға және сақтауға қызығушылық деңгейін арттыру;
- оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту;
- мектеп аумағын көркейту және көгалдандыру;
- оқушылардың экологиялық мәдениетін арттыру;
- денсаулығын сақтау және қорғау үшін қолайлы жағдай жасау;
- тұрғылықты жерінің экологиялық қауіпсіздігін сақтау бойынша территорияларды көркейту мен көгалдандыруға ықшам тұрғындарының назарын аудару;
- оқушыларға экологиялық мәдениетті насихаттау;
- білім беруді арттыру мақсатында мектеп жанындағы алаңда өсімдік түрлерін көбейту;

Жобаны қаржыландыру көзі және көлемі - жобаны қаржыландыру білім беретін мекеменің бюджетінен немесе демеушілер көмегімен іске асады.

Жобаны іске асыру мерзімі -- 2009 – 2013 жылдар.

Жобаны іске асыру кезеңдері: 1 кезең – дайындық – 2009 жыл.

2 кезең – практикалық (зерттеушілік) – 2010 – 2011 жыл.

3 кезең – жинақтап, қорытындылау – 2012 жыл.

4 кезең – ақпараттық – ағарту – 2013 жыл.

Жобаның орындалуын бақылау. Жобаның орындалуын бақылауды ұйымдастыру комитеті жүргізеді.

1. Жобаның өзектілігін негіздеу (дәлелдеу).

I. Жоба өзектілігінің дәйектемесі

**«Егер әрбір адам қолынан келетінінің
бәрін өз жерінің кішкентай бөлігіне жасаса,
біздің Жеріміз қандай көрікті болар еді».**

А.П. Чехов

Адамды тек өзін емес, қоршаған ортаны да ойлауды үйрету оңай емес, әсіресе бұл жасөспірімдер үшін өзекті мәселе. Табиғатты қорғау және сақтау жасөспірімдердің өзінің маңыздылығын, есейгендігін, өзінің маңызды, пайдалы істі жасауға қабілеттігін сезінуге, өзінің қызметінің қортындысын көруге, айналасындағыларды қуантуға, әсемдікті жасауына мүмкіндік береді. Мектеп біздің ортақ үйіміз, оны барлық жағынан да әдемі түрде көргіміз келеді, Краснояр орта мектебі жанында үлкен ауқымды алаңдары бар мектептердің біріне жатады.

Бұл, мәселені таңдауымыздың себебі:

- мектеп ауласы қанағаттанарлықсыз жағдайда;
- мектеп жанындағы алаң нашар көгалдандырылған;
- мектеп жанындағы аймақта ойын алаңы жоқ;

- оқушылардың табиғат қорғау жөніндегі білімі төмен.

Жоба оқушының өзін көрсетуіне, өз-өзіне сеніммен қарауына көмектеседі.

Мектеп ықшам ауданның ортасында орналасқандықтан қаланың ең әдемі және қолайлы жерлерінің бірі болуы тиіс. Осылайша, мектеп маңы аумағын көгалдандыру бағытында «Мектеп ауласы – менің елім» атты жоба жасалды.

Жағдайды дұрыс бағалау үшін, жобаны экологиялық, биологиялық, әлеуметтік, медициналық жағынан жан-жақты қарастырдық. Қаланың ықшам ауданындағы экологиялық жағынан әлеуметтік жағдайы қолайлы емес. Мектепке жақын аулалар қанағаттандырғысыз жағдайда, бұл мектептің сыртқы түріне келеңсіздік келтіреді.

Тұрғындар арасында сауалнама жүргізу кезінде 76 пайызы өз аулаларының жағдайына қанағаттанбайтыны, оның ішінде 43 пайызы аумақты көркейтуге қатысатыны және мектепке көмек көрсетуге әзір екендігі белгілі болды.

Ықшам ауданындағы тағы бір келеңсіз жағдайлар – балалардың денсаулығының төмендеуі, зиянды әдеттерге үйір болуы, бос уақыттарын пайдалы өткізбеулері.

Әлеуметтік-экологиялық мәселелер де орын алып отыр: ықшам аудандар амақтарының көп бөлігінің шөп жамылғысы бұзылуынан ауаның шаңдануы, аула маңындағы және мектеп жанындағы аумақтардың жеткіліксіз түрде көгалдандыруы; ықшам аудандары тұрғындары мен оқушылардың табиғатты қорғау белсенділігінің төмен деңгейі.

Жоба балалардың өзін-өзі көрсетуге, өз күштеріне сенімділігін табуға, мектеп ауласын көркейтуге, мектеп өміріне қатысуға көмектеседі.

Балалардың белсенді өмірлік ұстанымдары ықшам ауданның болшағы үшін маңызды. Жоба осы міндеттерді шешу үшін жұмыс жасайды.

Адамзат мәдениетінің заманауи кезеңіндегі экологиялық білім беру оқыту мен тәрбиелеу жүйесін дамытудың басымды бағыты, білім берудің жүйелеуші факторы болып есептеледі, сондықтан да біздің көзқарасымыз бойынша оның тиімділігін көтеру тек кешенді, жүйелік амалдармен- барлық оқу орындарын, мектептегі оқу-әдістемелік үрдісті экологияландыру арқылы іске асады.

**«Біз барлығымыз Жер деп аталатын
бір кеменің жолаушыларымыз,
сондықтан да одан басқаға ауысып
отыра алмаймыз».**

Жобаның негізгі іс шараларының жоспары

I – ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢІ– 2009 жыл

1. Экологиялық жағдайды бағалау. Мәліметтер жинау, өңдеу, сауалнамалар жүргізу, ықшам аудан тұрғындарының пікірін білу, балалардың денсаулығын зерттеу, оқушылардың қызығушылықтарын және басқа да жоба тақырыптарын зерттеу. Қаңтар-ақпан.

2. Жобаның міндеті мен мақсатын анықтау. Наурыз.

3. Жоба тақырыбы бойынша жұмыс жүргізетін шығармашылық топты құру. Наурыз.

4. Аймақты көркейту мен көгалдандыруға дайындау («тіршілігін» жойған ағаштардан тазарту, аймақты қоқыстан тазарту, құрылыстарды қайта жасау). Шілде –тамыз.

5. Мектеп жанындағы аумақтың ландшафтық дизайн үлгісін құру. Сәуір.

6. Оқушылар арасында ең үздік гүлзарлар үлгісі байынша байқау ұйымдастыру. Қараша.

7. Жобаны жүзеге асырудың шығын сметасын құру. Желтоқсан

8. Экологиялық және еңбек жасақтарының жұмысын ұйымдастыру. Экологиялық және еңбек жасақтарының жұмысы. Маусым-шілде.

9. Ашық сабақтар, биология, экология апталықтары, экология бойынша суреттер байқауын өткізу. Жыл бойы.

10. Экологиялық жасақтардың тәжірибелік, зерттеу жұмыстарының тақырыптарын анықтау. Желтоқсан.

11. «Дизайн және ландшафт» тақырыбында семинар-практикум өткізу. Қараша.

12. Жобаның I-кезеңнің қорытындысын өткізу. Желтоқсан.

II ПРАКТИКАЛЫҚ КЕЗЕҢІ – 2010- 2011 жыл

1. Ең үздік көпжылдық өсімдіктер гүлзарларына сайыс өткізу (ботакөз, көкнәр, түймедақ). Сәуір.

2. Дәрілік өсімдіктерді отырғызу. (Күрең от, түймешетен, қазанақ, бақ-бақ, жолжелкен, түймедақ және т.б.). Маусым-тамыз

3. Ағаш көшеттерін отырғызу. Сәуір

4. Жеміс-жидек талдарын отырғызу (қарақат, итмұрын, таңқурай, шетен). Мамыр

5. Өсімдіктерге күтім жұмыстарын жүргізу. Маусым-тамыз

6. Оқу-тәжірибе үлескілерінде ғылыми -зерттеу жұмыстарын жүргізу, ол жұмыстармен әртүрлі сайыс, конференцияларға қатысу. Маусым-тамыз.

7. Денешынықтыру алаңдарын эстетикалық жағдайға келтіру. Маусым-тамыз.

8. Гүлзарларды дайындау, өрмелеуші гүлді өсімдіктерді отырғызу. Мамыр-маусым.

9. Көшеттерді өсіру. Наурыз-сәуір.

10. Мектеп алдындағы жер телімдерін гүлзарлар үшін жүйелеп бөлу. Мамыр- маусым.

11. Оқу тәжірибе үлескісі аумағындағы шөптер мен ағаштардың әртүрлі құрамын дайындау. Маусым-тамыз

12. Көшеттер мен топырақалуға келісім-шарт жасақтау. (2010 жыл)

13. Аумақтың шөп жамылғысын және гүлзарларды тазалау. Маусым –тамыз.

14. Құстарға жемсалғыштарды дайындау. Қыркүйек- қазан.

15. Мектеп аумағындағы өсімдіктердің, дәрілік өсімдіктердің түрлік құрамын зерттеу, өсіру ерекшеліктерін білу. Маусым –тамыз.

16. Жобаны іске асыру жұмысының нәтижесін газетке мақала беру арқылы жария ету. Маусым –тамыз.

17. II кезеңнің қорытындысын шығару. Желтоқсан 2011 ж.

III ЖАЛПЫЛАМА ҚОРЫТЫНДЫЛАУ КЕЗЕҢІ – 2012 ж

1. Ғылыми жұмыстар үшін алынған нәтижелерді талдау және қорытындылау. Ақпан.

2. Жоба жұмыстары туралы материалдар және әдістемелік талдаулар шығару. Наурыз.

3 Жобаның тұсаукесерін дайындау бойынша ұйымдастыру. Қыркүйек –қазан.

4. Іс-тәжірибені жалпылау үшін қорытындылау. Қараша.

IV АҚПАРАТТЫҚ –АҒАРТУШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІ - 2013 жыл

1. Жергілікті және мектептің бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оқушылардың жобалау жұмысының іске асуы туралы жариялау. Жыл бойына. Баспасөз орталығы.

Жобаны іске асыру

«Мектеп ауласы - менің елім» атты жобаны іске асыру барысында атқарылған жұмыстар:

• Оқушылар, ата-аналар, педагогтер, шағын аудан тұрғындарымен бірлескен жұмыстар ұйымдастырылды (жұмыстың әр бағыттары бойынша шығармашылық топтар құрылды, дайындық кезеңінде мектеп

айналасын ландшафтық ұйымдастыру өткізілді, көгалдандыруға өсімдіктер таңдалып алынды, экологиялық жағдайды және т.т бағалау үшін оқушылардан, шағын аудан тұрғындарынан мәлімет және сұрақтарға жауаптар алынып, жинақталды;

- тіршілігін жойған ағаштар мен бұталар түбірімен алынып тасталды;

- мектеп айналасы тұрмыстық қалдықтардан тазартылды (жалпы мектепшілік сенбіліктер ұйымдастырылды);

- мектеп айналасында орналасқан тир бөлшектері, әртүрлі құрылыстар кері жасақталды;

- мектеп жанындағы аумағына екі гүлзарлар жасалды;

- ауданды көгалдандыру жұмыс жүргізілді (29 ағаш ,350 гүл және 320 бұталар отырғызылды);

- экологиялық жасақтардың жұмысы туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарияланды;

- экологиялық жасақтардың оқушылары қалалық, облыстық, республикалық байқауларға белсене қатысты;

- қала тұрғындары мен оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді;

- Ең үздік гүлзар үлгісінің байқауы өткізілді;

- ата-аналар,шағын аудан тұрғындарымен бірге отырғызуға арналған көпжылдық гүлдердің көшеттерін жинады (тұрғындар саяжайларына отырғызуға дайындаған көшеттерімен бөлісті);

- «Мектеп меридианы» атты қабырға газетіне экологиялық бағыттағы әңгімілер, шығармалар,суреттер шығарылды, жарнамалық ашық хаттар дайындалды;

- отырғызу ведомосты құрастырылды;

- ағаштар,бұталар және гүлдермен, саны 695 данамен қамтамасыз етуге, жасыл шаруашылық комбинатымен келісім-шарт жасалды;

- ағаштар,бұталар, гүлдер отырғызатын топырақ тасылды;

- аймақтың 32 шаршы метр шөптесін жамылғысы қалпына келтірілді;

- мектеп айналасында орналасқан спорттық нысандар боялды;

- ағаштардың діндері әктелді;

- оқушылардың экологиялық бағыттағы баяндамаларымен ғылыми-практикалық конференция өткізілді;

- табиғи материалдар мен қалдықтардан жасалған киім үлгілері көрсетілді;

- шатырды жөндеуге арналған шығындар сметасы дайындалды;

- мектеп жанындағы аумақтағы ағаштар мен шөптер түрлерінің картасы жасақталды;

- экологиялық бағыттағы экологиялық сабақтар өткізілді (аймақ бойынша);

- биология және экология апталығын өткізу барысында оқушылар облыс аймағында өсетін дәрілік өсімдіктермен танысты;

Сонымен бірге бар мәселелерді жобаны іске асыру барысында шешілуін жоспарлады:

- мектеп ауласында жақсы топырақтың болмауы;

- мектеп ғимаратының алдыңғы бетін жөндеу керек;

- ауланың бұрынғы және қазіргі сызбасы.

Введение

Экологические проблемы стали всеобъемлющими проблемами человечества, они затрагивают интересы всех и каждого человека в отдельности. В настоящее время во всех странах мира растет понимание того, что, разрушая окружающую среду, общество уничтожает свое будущее. Нарастающий экологический кризис не оставляет времени на отдаленное решение экологических проблем, и экологическое образование по вопросам окружающей среды, широкое участие общественности и в том числе детей, в принятии решений являются необходимыми требованиями сегодняшнего дня, когда экологическая безопасность и устойчивое развитие государства тесно связаны.

Экологическая безопасность как составная часть национальной безопасности является обязательным условием устойчивого развития. Эти вопросы поднимаются на государственном уровне и отражены в Стратегии «Казахстан-2050», в Концепции экологической безопасности Республики Казахстан, Стратегическом Плане развития Республики Казахстан до 2050 года.

Обновление образования отражены и в рекомендациях Европейской стратегии «Образование в интересах устойчивого развития», где обозначено, что образование в условиях интереса устойчивого развития призвано воспитать у людей и общества способность работать на благо устойчивого будущего.

В условиях обострения экологических проблем и необходимости их незамедлительного решения развитие экологического образования становится особенно актуальным. Сегодня ситуация такова, что забота об окружающей среде, ресурсы которой не бесконечны, не может быть делом отдельно взятого государства, а является задачей всех народов, которые должны объединиться и создать новое устойчивое глобальное общество, основанное на уважении к природе, универсальным правам человека, экономической справедливости и культуре мира. Для этого необходимы фундаментальные перемены в системе ценностей, институтах и образах жизни, создание единых представлений об общечеловеческих ценностях, которые будут являться этической основой для появляющегося мирового сообщества.

Повышение качества образования и формирование у учащихся ключевых компетенций – важнейшая задача модернизации системы образования, которая предполагает активную самостоятельную позицию учащихся в учении; развитие умений и навыков: в первую очередь исследовательских. Формирование не просто умений, а компетенций, то есть умений, непосредственно сопряжённых с опытом их применения в практической деятельности, приоритетное нацеливание на развитие познавательного интереса учащихся, реализацию принципа связи обучения с жизнью.

Современная модель выпускника школы предполагает наличие у него таких качеств, как способность самостоятельно и активно действовать, своевременно принимать решения, гибко адаптироваться к меняющимся обстоятельствам.

Формирование у детей ответственного отношения к природе – сложный длительный социально-педагогический процесс. Именно экологическое образование создаст основы нового образа жизни, находящегося в гармонии с окружающей средой. Требования экологической образованности предполагают разработку гибких, преемственных и разнообразных путей образования на интегрированной, междисциплинарной и проблемной основе. Овладевая экологические знания и умения, подрастающее поколение готовит себя к развитию и процветанию Республики Казахстан, росту ее авторитета в мире.

Практическая необходимость образования в интересах устойчивого развития ведет к изменению традиционных форм обучения. Наиболее эффективными оказались практико-ориентированные и творческие виды деятельности школьников, а также проблемные и исследовательские методы обучения. В этой связи становится актуальным поиск таких методов экологического образования и

воспитания, которые соответствовали бы требованиям современного образования и позволили бы разрешить имеющиеся противоречия. Преодоление экологического кризиса возможно не столько при помощи инновационных технологий, сколько путем формирования нового типа мышления.

Это невозможно без мотивации к личному участию в решении социально-экологических проблем с целью улучшения качества окружающей среды.

В связи с этим разработка и совершенствование учебно-методического обеспечения непрерывного экологического образования школьников является одной из первоочередных задач.

В данных методических рекомендациях рассмотрены теоретические аспекты метода социально-экологических проектов как средства формирования социально-экологической компетентности обучающихся. В работе дается краткий анализ различных трактовок понятий "компетенция" и "компетентность", представлены требования к содержанию и оформлению проектных работ, разработанные на основе анализа литературы по данной проблеме. Предложена модель формирования экологической компетентности обучающихся посредством проектной деятельности и ее практическая реализация из опыта педагогических коллективов организаций дополнительного образования детей.

Методические рекомендации позволят педагогу дополнительного образования сформировать у подрастающего поколения активную жизненную и гражданскую позиции, воспитать патриотическое сознание, развить исследовательские способности и научное мышление обучающихся, активизировать экологическую социально полезную деятельность детских объединений организаций дополнительного образования детей в республике.

Роль дополнительного экологического образования в образовательном пространстве

В период социально-экономических изменений в Казахстане, когда происходит переоценка всей системы общественных отношений, существенные изменения претерпевает и система образования. Характерной особенностью нашего времени является активизация инновационных процессов в образовании. Происходит смена образовательной парадигмы: предлагается иное содержание, иные подходы, право, отношение, поведение, иной педагогический менталитет.

Инновационные нововведения коснулись и дополнительного образования, как системы общего образования.

Дополнительное образование, являясь полноправным партнером школьного образования, частью общей системы образования, выступает

как необходимое звено, обеспечивающее развитие личности и ее раннюю профессиональную ориентацию.

Система дополнительного образования, сложившаяся в настоящее время в Казахстане, является уникальной в мировом масштабе. Она обладает высокой адаптацией к происходящим в обществе изменениям, быстро реагирует на индивидуальные образовательные и другие потребности детей, а главное, в отличие от регламентируемого стандартом школьного образования, предлагает свободу выбора программ, направлений обучения и воспитания.

